



**ДӘСТҮРЛІ
МӘДЕНИЕТТІҢ
НАСИХАТЫН
ДАМУ ТҮ
ҚАЖЕТ**

3-бет



**«ҚИЫР
ЖАЙЛАП,
ШЕТ
ҚОНҒАН...»**

5-бет



**ЖАЗАСЫ
ЖОҚ
ҚЫЛМЫС**

8-бет

ЗАҢ

✉ zangazet@mail.ru

№56 (3587) 1 тамыз 2023



газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖАРЫСЫ БАСТАЛДЫ



XXI ғасырдың ортасынан бері жолға қойылған адам қабілеттерінің әртүрлі функцияларын жүзеге асыра алатын жасанды зерде (жз) жайлы жиі айтыла бастады. Бұл терминді компьютерлік бағдарламалаудағы ең алғашқы тілдердің бірі Лисптің негізін салған Джон Маккарти есімді америкалық өнертапқыш 1956 жылы алғаш рет қолданған. ЖЗ дамуына қосқан үлесі үшін информатика саласындағы ең беделді марапаттың бірі – Тюринг премиясының лауреаты атанған. Оның пайымдауынша, ЖЗ адамның интеллектуалды (есептер мен теоремаларды шешу, т.б.) және саналы іс-әрекетін қарастырады.

Жасанды интеллект – адамның ойын, іс-әрекетін нақты бейнелейтін компьютерлік жүйе. Күн өткен сайын жасанды интеллект жайлы мыңдаған ақпарат тарап, тіпті заман үрдісіне сай оған деген қажеттілік те туындап отыр. Осы салаға қызығушылық танытушылармен зерттеушілер саны да күрт артып келеді. Қазірдің өзінде өзекті қолданбалы мәселелерді шешуде маман тапшылығын жою мақсатында, ғарыш, мұхит, өрт немесе радио-активті ластану аймақтарында, дәрігерлердің жұмысын жеңілдету барысында қолданылатын нанотехнологияға негізделген медициналық құрылғыларда, ішкі ағзалардағы ісіктерді анықтауда кеңінен қолданылып отырған ғылымның бұл жетістігіне деген тәуелділік те туындап отыр. Бұл ретте алысқа бармай-ақ, еліміздегі медицина саласында қолданып жүрген шетелдік аппараттардың дені осы негізде жұмыс істейтінін айтсақ та жеткілікті. (Соңы 3-бетте)

САРАП

СОТ АКТІСІН ОРЫНДАУДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖОҒАРЫ

Егемендіктің таңы атқалы дамудың даңғыл жолына түсіп, жаңаша қарқын алған саланың бірі – сот билігі. Елімізде сот билігі Қазақстан атынан жүзеге асырылып, өзіне азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Конституция, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды. Сондықтан, «Тәртіпке бағынған құл болмайды», – демекші, мемлекеттік биліктің бір тармағы саналатын соттың үкімін, шешімін, қаулысын орындаудың жауапкершілігі қашанда жоғары. Ал, орындалмаған сот актілері әділдік іздеген тараптың әділдікке деген сеніміне селкеу түсіретіні анық. Оның үстіне, сот жүйесі жұмысындағы күмән мен сынға да себеп.

Өкінішке қарай, сот актілерін уақытылы орындамайтын, тіпті, көзделген жауаптылыққа да шекеден қарайтындар мәселесі біздің қоғамда әлі де бар. Тіпті, кейде борышкер қаражаты мен дүние-мүлкін әдейі жасырып, жауапкершіліктен жалтарып, сот актісін орындауға асықпайды. Ал, кейбір тараптардың даусыз талап қоюлар бойынша апелляциялық сатыға жүгініп, уақытты қасақана созбалаңға салатыны бар. Осылайша, заңды күшіне енген сот актілерінің өзі дер кезінде орындалмай, «сиырқұйымшақтауы» екінші тараптың төзімінің таусылып, сенімінің сарқылуына әкеледі емес пе?! Осы орайда, өзге елдердің тәжірибесіне сүйенсек, сот актілері бірден орындалады. Ал, біздің елімізде «Баяғы жартас, сол жартас», демекші сот актілерінің айлап, жылдап орындалмауы үйреншікті жағдайға айналып барады. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, елімізде орындалмаған сот актілерінің басым бөлігін алимент қарыздары құрайды. Себебі, тиісті сот шешімі шықса да алимент төлеуден жалтарып жүргендер баршылық. Сондықтан, өңір соттарында азаматтарға сот актілерін орындату бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу күн тәртібінен түскен емес.

(Соңы 4-бетте)

НАРЫҚ ПЕН ХАЛЫҚ

КЕДЕНДІК СТАТИСТИКАДАҒЫ АЛШАҚТЫҚ АЗАЙДЫ

Қазақстан 9 мемлекетпен (Қытай, Түркия, Иран, Өзбекстан, Әзірбайжан, Грузия, Түрікменстан, Украина, Тәжікстан) тауарлар мен көлік құралдары туралы алдын ала ақпарат алмасуды ұйымдастыру туралы халықаралық келісім жасады. Мақсат – кедендік бақылауды ақпараттық қамтамасыз ету үшін жағдай жасау. Енді тауарлар мен көлік құралдары туралы алдын ала ақпарат алмасуда сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар үшін қолайлы жағдай жасалады. Атап айтқанда, тауарларды кедендік рәсімге орналастыруға байланысты кедендік операцияларды жасауды жеделдету; кедендік операциялар мен кедендік рәсімдерді жасау үшін қажетті құжаттар санын қысқарту; тәуекелдерді басқару жүйесін қолдана отырып, тауарлар туралы ақпаратты талдау негізінде кедендік бақылау нысандары мен әдістерін қолдануды барынша азайту істері қолға алынады.

Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметіне қарағанда, қазіргі уақытта Қытай және Өзбекстанның кеден органдарымен ақпараттық алмасу, сондай-ақ, Түркия, Түрікменстан, Иран, Украинамен ақпараттық алмасудың техникалық шарттарына келісулер жүргізілуде, ал Әзірбайжан және Грузиямен кеден жүйелері арасындағы байланыс арнасын реттеу бойынша жұмыстар жүріп жатыр. Мәселен, Қытай экспорты мен Қазақстан импорты ара-

сындағы статистика алшақтығы 2017 жылдан бері 32,7 пайызға немесе 2 есеге дейін төмендеді. Ол 2017 жылы – 59,4%, 2018 жылы – 52,5%, 2019 жылы – 47%, 2020 жылы – 45,5%, 2021 жылы – 40,5%, 2022 жылы – 32,9%, 2023 жылдың 5 айында – 32,7 пайызды құрады.

ТӨЛЕМДЕР МЕН САЛЫҚТАРДЫҢ ТҮСІМІ 21 ПАЙЫЗҒА ӨСТІ

Тауар айналымын ұлғайту және кедендік әкімшілендіруді жетілдіру

бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижесінде биыл алғашқы жартыжылдықта ЕАЭО елдері арасында бөлінгеннен кейін мемлекеттік бюджетке кедендік төлемдер мен салықтардан 1,9 трлн теңге түсіп, өсім 21 пайызды құрады. Былтырғы сәйкес кезеңде ол 1,6 трлн теңгені құраған еді. Биыл кедендік төлемдер мен салықтардың 890 млрд теңгесін импортқа арналған ҚҚС құрап, былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда (519 млрд теңге) өсім 71 пайыз

болды. Кедендік әкімшілендіру нәтижелері бойынша кеден заңнамасын бұзушылықтар да 38 пайызға артқаны анықталды.

ТАУАРЛАРДЫ ДЕКЛАРАЦИЯЛАУ ТОЛЫҚТАЙ ЦИФРЛАНДЫ

Салық және кеден салаларында цифрлық технологияларды енгізу бойынша жұмыстар жалғасуда. Цифрландыру қолжетімді онлайн-сервистер есебінен бизнес қызметін жеңілдетіп, экономикалық құлдыраудың салдарын азайтуға мүмкіндік берді. Бұған дейін бизнес тарапынан кеденнің атына процестің ашық болмауына және қағаз түрінде декларациялау кезіндегі қиындықтарға қатысты сын айтылатын. Осыған байланысты электрондық декларациялау форматына көшу жүзеге асырылды. Сонымен, сауда рәсімдерін оңайлату мақсатында, бұрын «АСТАНА-1» кедендік және салықтық әкімшілендірудің ақпа-

раттық автоматтандырылған жүйесі енгізіліп, бұл 100% электрондық кедендік декларациялауға көшу бойынша халықаралық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етті.

2022 жылғы қыркүйекте үшінші елдерге жүріп өтетін транзиттік тауарларды кедендік декларациялауға байланысты кедендік операциялардың хронометражы жүргізіліп, ұлттық теміржол тасымалдаушысы мен мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің өзара іс-қимыл схемасы әзірленді. Ол алдын ала ақпараттандыру негізінде транзиттік декларациялауды, транзиттік декларацияларды автоматты тіркеуді және автоматты шығаруды көздейді. Соның нәтижесінде 1 контейнерлік поезды рәсімдеу уақыты 3 сағаттан 30 минутқа дейін қысқарады. Қазіргі уақытта Қазақстан-Қытай шекарасындағы «Алтынкөл» және «Достық» өткізу пункттерінде мемлекеттік кірістер органдары мен ұлттық теміржол тасымалдаушысының ақпараттық жүйелерінің интеграциясына тестілеу жүргізілуде.

(Соңы 3-бетте)

ОҢ ҚАДАМ

САНДЫҚ ЖҮЙЕ УАҚЫТҚА ҮНЕМ

Электрондық қызмет арқашан ыңғайлы, қолжетімді, жылдам, сапалы, сенімді. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша бизнес-процестер үнемі жаңартылып отырады, бұл өз кезегінде халыққа қысқа мерзімде оларды сапалы алуға мүмкіндік береді. Мысалы, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу желісі бойынша бірқатар бизнес-процестің жетілдірілуін атап өтуге болады.



Тлеген ӘУБӘКІР, Ақмола облысы Әділет департаменті Коммерциялық емес ұйымдарды тіркеу және тіркеу қызметі саласындағы бақылау бөлімінің басшысы

www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталында (ЭҰП) заңды тұлғаның (филиал мен өкілдіктің) басшысын өзгерту жөніндегі бизнес-процесс іске қосылды.

Бұл процесс заңды тұлғаларға Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізімінде тіркеуші органның қатысуынсыз заңды тұлғаның (филиал мен өкілдіктің) басшысы туралы мәліметтерді дербес өзгертуге мүмкіндік береді. Осылайша, заңды тұлғалардың жұмыс уақытын үнемдеу мүмкіндігі бар. Өйткені белгілі бір құжаттарды жинаудың қажеті жоқ, тіркеуші органға жүгіну қажеттілігі алынып тасталады. Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ, акционерлік қоғам,

олардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру жөніндегі бизнес-процесс тек ЭҰП арқылы жүзеге асырылады.

Бұрын аталған мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі үш жұмыс күнін құраған еді. Қазіргі уақытта бұл мерзім бір жұмыс күніне дейін қысқартылды. Осы бизнес-процестің негізгі артықшылығы – Жарғыны (Ережені) жоғалтқан жағдайда, заңды тұлғалардың кеңседен шықпай-ақ телнұсқа арқылы тапсырыс беру мүмкіндігі бар және бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» заңды тұлға жарғысының (ережесінің) телнұсқасы электрондық форматта жіберіледі.

Осы бизнес-процестерден басқа, мемлекеттік қызметтерді электрондық форматта көрсетуді жетілдіру бойынша көптеген мысалдар бар.

Әділет органдары мемлекеттік қызметтің қызметтердің сапасын арттыру және олардың қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша жұмысты тұрақты негізде жүргізіп отыр.

СУДЬЯ МІНБЕРІ

Халық үшін Отан қандай бағалы, қымбат болса, мемлекеттік тіл де соншалықты қастерлі, маңызды. Себебі, әрбір халықтың ұлт ретінде даралайтын ең бірінші белгісі – тілі. Ал Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Қазақ тілі мемлекеттік рәміздермен қатар тұратын мәртебелі атрибуттардың бірі. Қазақ тілі – ғасырдан ғасырға саф алтындай сақталып жеткен, бабаларымыздың ұрпақтан ұрпаққа қалдырған аманаты. Сондықтан барымызды бағалап, аманатқа адалдық таныту бәріміздің азаматтық парызымыз.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МӘРТЕБЕСІ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРДЕН КЕМ ЕМЕС

Қазақ тілінің мәртебесін арттыру, қолданысын кеңейту сіз бен біздің қолымызда. Себебі, басқа біреу келіп тіліміздің жоғын түгендеп, барын бүтіндеп бермейді. Міне, осыған орай Мемлекет басшысының жыл сайынғы жолдауларынан мемлекеттік тілге қатысты мәселелер шет қалған емес. Біз қазір «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заңды бағдар етіп жұмыс жүргізіп келеміз. Бұған қоса, Жоғарғы Сот Төрағасының 2016 жылғы 18 қаңтардағы «Мемлекеттік тіл саясатын одан әрі іске асыру жөніндегі іс-шаралар туралы» өкімін де жұмыс барысында басшылыққа аламыз. Сондай-ақ, Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті басшысының (қазіргі Сот әкімшілігі) «Іс қағаздарын жүргізуде мемлекеттік тілді қолдануға қойылатын талаптарды күшейту туралы» 2011 жылғы 31 наурыздағы өкімін орындау мақсатында жергілікті сот кеңселерінің мемлекеттік органдармен хат алмасуы (кіріс-шығыс іс қағаздарын жүргізу) мемлекеттік тілде жүргізілуде. Мұның барлығы қазақстандық соттың мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуде ауқымды жұмыстарға бастамашы болып келе жатқанын айғақтайды.

Көптегі аудандық соты мұндай нәтижемен шектеліп қалмайды. Кіріс-шығыс құжаттарының мемлекеттік тілдегі үлесін арттыру үшін кешенді шаралар қолға алынууда. Соның ішінде сот төрағасы ретінде құқық қорғау органдары өкілдерінің қатысуымен «Мемлекеттік тілді дамыту» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Шара барысында мемлекеттік тілді қолдану саясатының маңыздылығы, мемлекеттік органдар арасында іс қағаздарын жүз пайыз қазақ тілінде жүргізу қажеттігі және әрбір мемлекеттік қызметшінің қазақ тілін білу тиістілігі сөз болды. Сонымен қатар, мемлекеттік органдар арасындағы хат алмасудағы жауаптылық, жұмыс барысында хаттардың қазақ тілінде сауатты толтырылуына назар аударылды.

Сонымен қатар, сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолдану сот процесіне қатысушы адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің кепілі болып табылатындығы айтылған. Бұл ретте, мемлекеттік тілдегі құжаттың сапасына және мемлекеттік тілдегі құжатты қызметкердің өзі әзірлеуіне баса назар аударған. Мемлекеттік тілді дамыту жұмысына көпшілікті жұмылдыру мақсатында, сондай-ақ, ортақ іске аудан тұрғындарын біріктіру үшін аудандық, облыстық басшыларға судьялар мен сот мамандары мақалалар жариялауды жақсы үлестіруге айналдырған. Жазылған мақалаларда, ұйымдастырылған шараларда аймақ тұрғындарына Қазақстанда тұрып, қызмет жасаған соң, елдегі заң баршамызға ортақ екенін, құжаттарды мемлекеттік тілде әзірлеу маңызды екенін түсіндіруге басымдық береміз. Бұл мемлекеттік тілге деген жауаптылықты көтереді деген ойдамын.

Н.ЖАНЫБЕКОВА,
Абай облысы Көкпекті аудандық сотының төрағасы

ПӘРМЕН

ЖАЛҒАН ТРАНЗИТ ТӨМЕНДЕДІ

Көлеңкелі тауар айналымын болдырмау мақсатында Қазақстан, Ресей және Қырғыз елдерінің фискалды органдары қолжеткізген келісімдер бойынша жүргізілген іс-қимылдар өз нәтижесін бере бастады. Бірінші маусымнан бастап елімізде Қырғыз және Ресей мемлекеттерімен өзара сауда шеңберінде тауарлардың автомобиль және теміржол тасымалы қадағалау бойынша халықаралық пилоттық жоба жүргізілуде. Навигациялық пломбалар Қазақстан аумағынан өтетін тауарларды нақты уақыт режимінде қадағалауға мүмкіндік береді және жалған транзит фактілерін болдырмауға, нақты импорттаушыны айқындауға бағытталған.

Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметіне қарағанда, қаңтар-маусым айларында Қазақстан арқылы ЕАЭО елдеріне Қырғызстаннан жалған транзиттің үлесінің 0,3 пайызға төмендетілуі қамтамасыз етілді.

Онда транзиттік 25,5 мың жүк көліктерінен 66 факт анықталды. Бұған дейін Қырғыз Республикасының жалған транзиттің үлесі 2019 жылы 21 пайызды (5,4 мың факт), 2020 жылы – 13 айызды (4,2 мың факт) құраған болатын. 2021 жылы

қабылданған шаралар есебінен жалған транзит үлесі 0,8%-ға (287 факт), 2022 жылы 0,6%-ға (262 факт) қысқарған.

Қазақстан мен Қырғыз мемлекеттері арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі жұмыс тобының 2022 жылғы 8-9 қыркүйекте Бішкек қаласында өткен 2-отырысында қолжеткізілген келісімдердің негізінде 2022 жылдың 1 қазанынан бастап 2023 жылдың 1 сәуіріне дейін Қырғыз Республикасынан Ресей Федерациясына бағытталған жүк көліктеріне навигациялық пломбаларды ілу бойынша пилоттық жоба жүргізілді. ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 12 қаңтардағы №17 қаулысымен Халықаралық автомобиль тасымалдарын қадағалау жөніндегі ұлттық оператор болып «Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЕЖШС бекітілген болатын.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

БАҚЫЛАУ

БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРГЕ ТЕКСЕРУ ЖҮРЕДІ

Премьер-Министрдің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Закиева көтерген мәселелер бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен кеңес өткізді. Вице-премьер мемлекеттік органдардың Бала құқықтары жөніндегі уәкілмен бірлескен жұмысты үйлестіру мен бірыңғай тәсілдің маңыздылығын атап өтті.



Д.Закиеваның әрбір ұсынысы бойынша Премьер-Министрдің орынбасары мемлекеттік органдарға нақты тапсырмалар берді.

Отбасыларды жан-жақты көмекпен қамту бойынша жұмысты үйлестіру мәселелерін жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органдарына бекітуді тапсырды.

Ішкі істер министрлігіне мемлекеттік органдармен және әкімдіктермен бірлесіп қолайсыз жағдайға тап болған отбасыларды ерте анықтау үшін мобильдік топтардың жұмысын заңнамалық тұрғыда бекітуді пысықтау тапсырылды.

Отбасы, әйелдер мен балалар мәселелері бойынша көмек көрсететін Бірыңғай мемлекеттік байланыс орталығын құрумен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі айналысатын болады. Сондай-ақ, вице-премьер Оқу-ағарту, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Денсаулық сақтау, Мәдениет және спорт министрліктеріне әкімдіктермен және Бала құқықтары жөніндегі уәкілмен бірлесіп, балаларға арналған барлық мемлекеттік ұйымдарға (оңалту орталықтары, интернаттар, балалар лагерлері және т.б.) оларды кезең-кезеңімен жөндеу, материалдық-тех-

никалық базасын жаңарту үшін тексеру жүргізуді тапсырды.

Т.Дүйсенова облыс орталықтарында жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тұрғын үй беру мәселелерін Индустрия және инфрақұрылымдық даму; Оқу-ағарту министрліктеріне облыс әкімдіктерімен бірлесіп пысықтауды ұсынды.

Тамара Дүйсенова балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше назар аударуды тапсырды. Түркістан облысында орын алған соңғы қайғылы жағдайға байланысты әкімдіктерге Ішкі істер министрлігімен бірлесіп, қамау орындарынан босатылған адамдарды қайта әлеуметтендіру бойынша деректер базасын құру тапсырылды. Қазақстанда барлық балалар мемлекеттік мекемелеріне тексеру жүргізіледі.

А.АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

КӨКЖИЕК

Жақында ҚР Ішкі істер министрлігінің Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясына бакалавр бағдарламасымен оқуға кандидаттарды іріктеу бойынша қабылдау комиссиясы өз жұмысын қорытындылады. Комиссия 17 шілдеден бастап Ішкі істер министрлігінің 4 ведомстволық оқу мекемесінде қабылдауды жүзеге асырған.

300 КУРСАНТ ІІМ АЛМАТЫ АКАДЕМИЯСЫНА ОҚУҒА ТҮСТІ

Академия басшысы полиция генерал-майоры Айдар Сайтбековтың айтуынша, Қазақстанда бірнеше жаңашыл-

«Кандидаттарды оқуға іріктеу кезіндегі маңызды жаңалық – жаңа әрі ашық жүйе. Биыл біз осы процесті әлде-



дықтарды көздейтін іріктеудің жаңа жүйесін Алматы академиясы алғаш рет іске асырған. Жаңа жүйе бойынша Ішкі істер министрлігінің 100-ден жоғары балл жинаған талапкерлерге және «Алтын белгі» иегерлеріне физикалық дайындықтан нормативтерді тапсырмай, оқуға қабылдануы туралы бұйрығы шыққан. 18 түлек сол мүмкіндікті пайдаланып, академияға оқуға түсті.

қайда ашық етіп, басқа жолмен жүргізгенді жөн көрдік. Талапкерлер қазармалық режимде болған жоқ. Нормативтерді тапсырған кезде офлайн және онлайн түрінде ата-аналардың қатысуына толық мүмкіндік болды. «Динамо» стадионында жүгіруден нормативтер тапсырды. Медициналық комиссиядан өтіп, физикалық дайындықтан емтихандарды тапсырғаннан

кейін талапкерлерге ата-аналарының қастарында болатындай мүмкіндік жасалды. Сондай-ақ, ұялы телефондарды еркін пайдалануға шектеу болған жоқ. Осының барлығы іріктеу кезеңінің ашық екенін көрсетуге мүмкіндік берді. Қабылдау комиссиясы мүшелерінің қатарында тәуелсіз сарапшылар кәсіби спортшылар, кәсіптік бағдаршылар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері болды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің, одан бөлек ІІМ Орталық аппаратының қызметкерлері қатысты. Міне, осының барлығы түптеп келгенде, қабылдау комиссиясы жұмысының ашықтығын көрсетті. Бұл сыбайлас жемқорлық қаупін жойып қана қоймай, талапкерлер үшін үлкен мотивация болды», – дейді Айдар Сайтбеков.

Оның сөзіне қарағанда – талапкерлер бос уақытта саптық дайындықтан өтіп, академияның тарихымен танысып, сондай-ақ, өздерінің интеллектуалдық қабілеттерін паш етуге мүмкіндік алған. 20 шілде күні Халықаралық шахмат күнінде Қазақстан шахмат федерациясының қолдауымен талапкерлер арасында шахматтан турнир өтіп, жүлделі орынға ие болған 3 ер бала да академияға оқуға түскен.

Барлығы 440 адам іріктеуге келген. Олар өз өңірлерінде барлық іріктеу турларынан өткендер. Солардың 300-і академияға оқуға қабылданды.

Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖАРЫСЫ БАСТАЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазіргі уақытта әлемдегі ірі державалар арасында нанотехнология өндіруден бәсеке басталып та кеткенін айтқан «The Qazaq Times» порталы: «Қытай зерттеу мен өндірісте АҚШ-қа тәуелсіз болу үшін жасанды интеллект жасауға айрықша көңіл бөліп отыр. Қытайлық Huawei компаниясы жасанды интеллектті өңдеуге арналған өз чиптерін әзірлейтінін мәлімдеді. Бұл елдегі жасанды интеллект индустриясын Intel және Nvidia сияқты америкалық өндірушілерге деген қажеттілігін азайтты. Ал Еуропалық Одақ АҚШ пен Қытайдан қалыспай жасанды интеллект жасауға 22 млрд доллар қаржы бөлген» деген де ақпарат берген.

inbusiness.kz сайты – мыңнан астам эксперт жетілген жасанды зердені әзірлеуді тоқтата тұруға шақырып, ашық хат жариялады деген ақпарат таратты. Онда «Future of Life коммерциялық емес ұйымның хабарлауынша, осы саланың майталманы саналатын мыңнан астам эксперт анағұрлым озық жасанды зердені әзірлеуді уақытша доғаруға шақырған ашық хатқа қол қойған.

Үндеушілер арасында SpaceX, Tesla және Twitter бас директоры Илон Маск, Apple корпорациясының негізін қалаушылардың бірі Стив Возняк, Иерусалимдегі Еврей университетінің профессоры және

«Sapiens: адамзаттың қысқа тарихы» кітабының авторы Юваль Ной Харари, Stable Diffusion жобасының иесі, Stability бас директоры AI Эмад Мостак және басқасы бар», – делінген. Олардың айтуынша, сандық әлемнің сансыз құпиясы жинақталған жасанды зерде арқылы кез келген елде өзгеріс жасауға болады. Мысалы, РБК, Коммерсант секілді ақпарат көздерінің мәліметінше, Евгений Пригожиннің тек АҚШ-та ғана емес, Африка елдеріндегі сайлауларға араласқаны анықталған. Бұл іске ЖЗ және боттар кең пайдаланылған. Ол үшін әуелі ел басшысы лауазымына қатысты сайлау өтетін мемлекетте әлеуметтік-саяси ахуалға мониторинг, онлайн сауалнамалар жүргізіліп, сараптама жасалады. Одан қарсылас кандидатқа және оның штабына электронды шабуылдар ұйымдастырылып, екіншісінде оны қолдайтын электорат жұмысына кедергі келтіру тетігі нысанға алынады. Осының барлығы ЖЗ көмегімен жүзеге асырылады. Салдарынан мыңдаған сайлаушылар дауыс беру мүмкіндігінен айырылып қалады. Мұндай жағдайлар Мадагаскар, ОАР, Кения, Ливия, Зимбабве, Чад сияқты елдерде қолданылған деген мәліметтер кездеседі.

«Мен өз кәсібімде ЖЗ саласындағы ең озық әзірлемелермен жұмыс істеймін, сондықтан жақсы білемін. Сол себепті де адамзатты абай болуға шақырумен келемін. Бірақ адамдар

жан-жақтан кісі өлтіруші роботтар қоршап алғанша, одан келетін қауіпті көре алмайтын сияқты. ЖЗ кесірінен өркениетімізді жойылуы – болуы әбден мүмкін сценарий. Ендеше оның алдын алу үшін мемлекеттердің рөлі өте маңызды», – деген SpaceX, Tesla басшысы Илон Маск бұдан бұрын да ЖЗ-нің жетілген түрлері тіпті апокалипсиске, ақырзаманға соқтыра алатынын мәлімдеп, АҚШ губернаторлардың ұлттық қауымдастығының жазғы жиынында да дәлелді болжамдар жасаған.

ЖЗ-нің ғылым өркениетінде қаншалықты маңызы болса, адам өмірінде соншалықты зияны да жетерлік. Мысалы, ЖЗ-нің негізінде құрылған нейрожелілер кез келген адамның сөз сөйлеу мәнерін салып, дауысын дәлме-дәл келтіре алады. Қазірдің өзінде интернеттегі қолжетімді ЖЗ-лар Байден, Трамп, Обама және басқа да белгілі тұлғалардың мақамымен сөйлей алады.

ЖЗ диктатурадағы елдердің қолындағы қауіпті қаруға айналғаны да жасырын емес. Оның көмегімен Қытай әр азаматын қалт жібермей қадағалап отырғаны мәлім. Ал болашақта игерілетін озық үлгідегі ЖЗ кесірінен күллі әлем орасан зор виртуалды апатқа тап болуы мүмкін деген болжамдар айтылады.

Жоғарыда аталған ашық хатта көрсетілгендей, жұрт қызық көріп жатқан GPT-4-ден де қуатты жоғары нейрожелілер тұтас мемлекет-

тер өркениетіне қауіп төндіруге қауқарлы. Сол себепті қарсылық танытқан хат иелері ЖЗ әзірлеуші компанияларды 6 айлық үзіліс алуға шақырады. Олар: «Жарты жылдық үзіліс барлығын жаппай қамтуы және бақылауда болуы шарт. Оған саладағы барлық шешуші қатысушылар атсалысуға тиіс. Егер бұл үзілісті өз бетінше орнатуға компаниялар құлық танытпаса, онда үкіметтер араласуға және мораторий енгізуге тиіс. Адамның ой-санасымен бәсеке-лесе алатын жасанды интеллект жүйелері адамзатқа да, елдерге де салмақты қауіп төндіреді, мұны кең ауқымды зерттеулер көрсетті, ЖЗ жетекші лабораториялары мойындап отыр. Озық ЖЗ болашақта Жер ғаламшарындағы тіршілік тарихын терең өзгеріске түсіре алады. Сондықтан оны басқаруға баса мән берілгені жөн. Әкінішке қарай, бүгінде ондай басқару мен жоспарлау жоқ. Соған қарамастан, ЖЗ зертханалары өзара бақылаусыз жарысқа түсіп, ақылы жөнінен анағұрлым қуатты цифрлық зерделерді әзірлеп, өрістетуге жанталаса күш салып жатыр. Бір іске қосылған соң олар тіпті өзін жасаушыларға да бой бермейді. Өйткені, озық ЖЗ жұмысын сенімді бақылау түгілі, оны түсіну, болжау да мүмкін емес», – дегенді алға тартты.

Жасанды зерде жүйелерінен қоғамға, адамзат өркениетіне келуі мүмкін қауіп-қатерлер туралы егжей-тегжейлі сипатталған хатта оның экономиканы және саяси құрылымды күйретіп, халықаралық ақпарат әлемін адамзатқа аса қауіпті жалған деректермен толтырып жатқанына да тоқталған.

Қазіргі кезде, әсіресе, авиатасы-малдау, көлік, тамақ, сауда-саттық, қару өндірісі, медицина, тіпті мемлекеттік қызмет көрсетудің көптеген түрлерімен қоса, т.б. өзге де салалар ЖЗ басқаруына өтіп жатыр. Біз үйден шықпай-ақ талай шаруаны электрондық құрылғылар арқылы алып отырғанымызға қуанамыз. Ал бірақ мұның артында не тұр дегенге бір сәт зер салып қараңызшы. Жай ғана қарапайым мысал, жұмыс орындарының жаппай автоматтандырылуы салдарынан онсыз да шықпа жаным, шықпа деп отырған заманда талай маман жұмыссыз қалып, жұмыссыздар саны әлем бойынша жедел артып келеді деген хабарлар беріліп жатыр. Сонда «егер әлемде барлық жұмыс ЖЗ арқылы жүзеге асатын болса адамзат не істейді?» деген сұрақтың тууы да заңдылық. Ақыр соңында барлық саланы жаппай цифрландыру ЖЗ-ның тұтас мемлекетті өз бақылауына алуына мұрындық болуы бек мүмкін екені де ойланарлық, ой саларлық жайт. Осыған қатысты пікір білдірген мамандар: «Тек тиімділігі, нәтижелері оң сипатта болатынына, ал тәуекелдер басқаруға көнетініне сенімді болған жағдайда ғана жасанды зерденің қуатты жүйелерін әзірлеген жөн», – деген қорытындыға келген.

Шындығында, бүгінгі таңда біз қуана қолданып, жарыса іске асырып жатқан ЖЗ жұмыстарына деген тәуелділік осы қарқынмен кете берсе, адамзат өркениетінің бүгінгі жетістігі ертен адамдардың өздеріне жау болып шықпай ма?!

Жанбота
СҰЛТАНМҰРАТҚЫЗЫ

НАРЫҚ ПЕН ХАЛЫҚ

КЕДЕНДІК СТАТИСТИКАДАҒЫ АЛШАҚТЫҚ АЗАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

ЭЛЕКТРОНДЫҚ КЕЗЕК ЖҮЙЕСІ ЖЕТІЛДІРІЛДІ

Шекарадағы кептелістер мен күтулер тасымалдаушылардың шекарадағы жағдай туралы, оның ішінде өткізу пункттерінің кептелісі туралы ақпараттың болмауына байланысты орын алады. Мұндай жағдай әлемнің көптеген елдерінде болады және бұл оны болдырмау үшін жекелеген елдер өз шекараларында электрондық кезекті енгізді. Өйткені, электрондық кезек жүйесі тауарлар мен көліктердің қозғалысын реттеуге және ашықтықты қамтамасыз етуге ықпал етеді. Мәселен, біздің елімізде үшінші елдермен мемлекеттік шекарадағы 10 автомобиль өткізу пунктінде барлық тасымалдау процесінің ашықтығын қамта-

ды, 89 мыңға жуық автокөлік құралдары жүрді. Техникалық және әдіснамалық мәселелерді жедел түсіндіру үшін ашылған жеделхат-чатта 7,5 мыңнан астам қатысушылар тіркелген. Пайдаланушылар сұрақтар туындаған жағдайда осы чат арқылы техқолдау қызметінің иесіздендірілген әкімшілеріне жүгінеді, бұл «адам факторын» және лауазымды тұлғалармен тікелей байланысты болдырмайды.

ШЕТЕЛДІК РҰҚСАТ БЛАНКІЛЕРІ БЕРІЛУДЕ

Қытаймен шекарадағы «CargoAlem» электрондық кезек жүйесінің модулі негізінде Қытай рұқсаттарының шетелдік бланкілерін беру автоматтандырылды. Бұл адами факторды алып тастауға және тікелей өткізу пункттерінде шетелдік рұқсат бланкілерін алуға мүм-

кіндік берді. Ол жоба «пилот» режимінде 2024 жылдың наурызына дейін және тек Қытайға тасымалдауға қатысты басталды.

Шетелдік рұқсат бланкісі немесе халық айтқандай «рұқсат», бұл тасымалдаушыларға жүктерді шет мемлекеттердің аумақтары арқылы тасымалдауға мүмкіндік беретін құжат. Бұрын компанияға осындай бланкаларды алу үшін уәкілетті органға тікелей баруға және жүгінуге тура келетін еді, қазір рұқсаттарды тікелей шекараны кесіп өткен кезде алуға болады.

«E-SALYQ AZAMAT» ҚОСЫМШАСЫ ДЕКЛАРАЦИЯ ҚАБЫЛДАЙДЫ

3 жылдық үзілістен кейін биыл 24 сәуірден бастап бизнес-процесті оңтайландырумен «Қорғас» ШХБЮ қызметі қайта жанданды. Пандемияға дейінгі кезеңмен салыстырғанда жеке тұлғалардың өту процедурасы айтарлықтай реттелген. Жеке тұлғалар үшін жолаушылар кедендік декларациясын мобильді қосымша арқылы беру мүмкіндігі іске асырылды.

Бұған дейін жеке тұлғаға жолаушылар кедендік декларациясын өз бетінше тапсыру үшін мемлекеттік кірістер органдарына жүгіну қажет болатын. Енді, 20 наурыздан бастап жеке тұлға өзінің орналасқан жеріне қарамастан, «e-Salyq Azamat» мобильді қосымшасында жолаушылар кедендік декларациясын тапсыра алады.

Жолаушылар кедендік декларациясы халықаралық пошта жөнелтімдері арқылы жіберілетін және тасымалдаушылар жеткізетін жеке пайдалануға арналған тауарларға, сондай-ақ, жеке пайдалануға арналған көлік құралдарын қоспағанда, ақшалай қаражатқа/құралдарға рәсімделеді. Соның нәтижесінде тасымалдаушылар жеткізетін, халықаралық пошта жөнелтілімдерімен жіберілетін және пайдалануға арналған тауарларды кедендік декларациялау рәсімін едәуір жеделдетуге және жеңілдетуге, сондай-ақ, ақша қаражаттары мен ақша құралдарын декларациялауға қол жеткізілді.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТТІҢ НАСИХАТЫН ДАМУ ТҮРІНДЕ ҚАЖЕТ

Қазақстан қолөнершілер одағының төрайымы, дизайнер, тоқыма шебері, бүкіләлемдік қолөнер кеңесінің құрметті мүшесі, әрі кеңесшісі Айжан Бекқұлованың айтуынша, бүгінгі күнде Қазақстанда мәдени код жоғалып бара жатыр. Ал ол өз кезегінде ұлттық қауіпсіздіктің бір бөлігі – еліміздің мәдени қауіпсіздігіне қатер төндіруде.

«Мәдени мұраны жоғалту тарихи тәжірибені, қазақы құндылықтардың жоғалуына әкеледі. Сонымен қатар, ұлттық мәдениетке, оның төлтумалылығына дәстүрлі білімнің ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыруы қажеттілігін ұмытпауымыз керек. Дәстүрлі қолөнерді сақтау мәселесі – өзіміздің әлемдегі төлтумаларымызды сақтау мәселесі» – дейді Бүкіләлемдік қолөнер кеңесінің құрметті мүшесі, әрі кеңесшісі А. Бекқұлова. Оның сөзіне қарағанда, дамыған елдерде кез келген елдің мәдени мұрасы – сақталуға тиіс барлық адамзаттың мұрасы деген түсінік қалыптасқан. Одан бөлек, Жапония, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Қытай сынды дамыған елдер экономикалық позициясын мықтап бекіту үшін өзінің мәдени мұрасын тұрақты насихаттауда. Осыған байланысты, Қазақстанға да жаһандық әлемде елдің позициясын нығайту үшін дәстүрлі мәдениетті дамыту қажет, ал ол өз кезегінде туризм және шығармашылық индустрияда жұмыс орындарының пайда болуы сияқты экономикалық бонус әкеледі.

Қазақтың дәстүрлі өнерін сақтау және насихаттау жастардың өзін-өзі тануына, елге деген сезімін және оны дамыту қажеттілігін нығайтуға көмектеседі. Бүгінгі күнде, түрлі бағалаулар бойынша қазақ қолөнерінің 70 пайызға жуығы жоғалған. Түкті және түксіз кілем тоқу, ши, алаша, сырмақ және текемет дайындау сынды тоқыманың көптеген әдістері, түскиіздерді, киімдерді, аяқ киімдер мен бас киімдерді кестелеудің ондаған әдістері, киіз үйдің ішкі жабдықтары және т.б. жоғалу қаупі алдында тұр. Сонымен қатар, Қазақстанда бірде-бір қолданбалы өнер мұражайы жоқ, ал материалдық емес мұрамыздың 80 пайызы оларды экспозициялауға орынның жетіспеушілігінен мұражайлардың қоймаларында сақталуы. Ұлттық және аймақтық мұражайлар негізгі қорларында дәстүрлі өнердің жеке түрлері бойынша шектеулі ғана коллекцияға ие. Сондықтан бұл олқылықтың орнын толтыру үшін 2022 жылдан бері дәстүрлі тоқыма өнерін танып-алудың негізін қалаған және ұрпақ байланысын, дәлірек айтқанда, дәстүрлі білім иелері мен қоғам арасын байланыстыруға үлес қосатын арнайы жоба іске асырылып отыр. Оның ұйымдастырушылары Ақтау, Орал, Қостанай, Қызылорда, Тараз, Ақтөбе, Түркістан, Шымкент, Павлодар қалаларында зерттеу экспедициялары жүргізді. Сонымен қатар, Қызылорда, Маңғыстау,

Жамбыл, Ақтөбе, Түркістан облыстарының ауылдарындағы жергілікті шеберлерді аралап шықты. Жобаның бірінші сатысы негізінен тоқыма бұйымдарында қолданылатын дәстүрлі оюларды қазақтардың материалды емес мұрасының бөлшегі ретінде құжаттау болды. Қысқаша түсініктемелері және семантикасы бар оюлар базасына жиналған ақпарат – сандық форматта Қазақстан қолөнершілер одағының сайтында (www.crafts.kz) орналасқан. Аталған ресурс тегін және 2023 жылдың 1 тамызынан бастап барша оқырманға қолжетімді болады. Бұл жобаны АҚШ-тың халықаралық даму агенттігі (USAID) қаржыландыратын «Орталық Азиядағы әлеуметтік инновациялар» бағдарламасының аясында Еуразия қорының қолдауымен Қазақстан қолөнершілер одағы жүзеге асырды.

«Архитектор, мәдениеттанушы Бек Ибраев: жапондықтар өзінің заманауи брендин де жасап үлгерді. Тойота деп айтқан кезде жапондықтар екені лезде түсінікті болады. Ал біз, қазақтар, 10 мың жылдан астам тарихы бар қошқармүйізімізбен мақтанамыз. Ол ою әлі өзгеріске ұшырамаған. Бізде тіпті қобыздың формасы да өзгермеген. Домбыра да сол қалпы. Ал Еуропада сол қобыз да, домбыра да басқа формаға ие – скрипка, виолончель дизайны өзгерген. Ал қазақтарда 10 мың жыл бұрын қалай болды – солай сақталып қалды. Осындай тұрақтылықтың арқасында тіпті түскиіздердің, кілемдердің, текеметтердегі ою-өрнектердің композициялық құрылымы өзгермейтін заңдылықтарға ие деген еді», – дейді суретші, дизайнер, «Қазақ оюлары» кітабының авторы Ерлан Қожабаев. Оның сөзіне қарағанда, оюлардың онлайн базасы тоқыма бұйымдарының дизайнындағы бай мұраны көрсетеді. Бұл база үнемі жаңа ақпаратпен толықтырылып отырады. Болашақта, тоқыма өнерінен бөлек, қазақтың дәстүрлі ағаш және сүйек өңдеу өнері, қиш, зергерлік өнері, музыкалық аспаптар, ат әбзелдері, дәстүрлі қару-жарақ, ыдыс-аяқ, киіз үй жабдықтары мен металлдан жасалған бұйымдар және т.б. дәстүрлі қолөнердің дизайндарын қамту да жоспарда бар. Сондай-ақ, дәстүрлі қазақ қолөнері әдістерін, әсіресе, жоғалу қаупі алдында тұрған өнерлерді үйрететін практикалық сабақтар да қосылатын болады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»



масыз ететін электрондық кезек жүйесін енгізді. Кезекпен барлық ықтимал манипуляциялар мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдері алынып тасталды. Нақты кезекте тұрып, күту де алынып тасталды. Ал 1 шілденен бастап электрондық кезек жүйесін пайдалана отырып, автокөлік құралдарын өткізуді регламенттейтін бірқатар НҚА қолданысқа енді. Бұрын қолданылған уақытша схемалар өз күшін жойды. Бүгінгі таңда 27 мыңнан астам пайдаланушы электрондық кезекті пайдалан-

САРАП

СОТ АКТИСІН ОРЫНДАУДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖОҒАРЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекетте аталған мәселеге ерекше назар аударып, жеке сот орындаушылар институтын енгізді. Сонымен қатар, заңнамалардағы өзгерістер мен толықтырулар, сот орындаушыларының материалдық-техникалық жағдайын жақсарту бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар да сот актілерінің уақтылы орындалуына мүмкіндік беруде. Алайда, әлі де сот

ры, шақырулары, сұрау салулары және басқа да өтініштері барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар, лауазымды адамдар, азаматтар үшін міндетті және бүкіл ел аумағында орындалуға жатады.

Ал, сот актілерін орындамағандарды әкімшілік жауаптылыққа тартудың заңды тетігі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 669-бабында көрсетілген. Атап айтсақ, сот

бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. Сондай-ақ, Қылмыстық кодекстің 430-бабына сәйкес, сот үкімін, заңды күшіне енген сот үкімін, шешімін немесе өзге де сот актісін не атқарушылық құжатты алты айдан астам орындамау, сол сияқты оларды орындауға кедергі жасау сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Соттың шешімін алу бір бөлек те, оның орындалуы өз алдына үлкен жұмыс күйінде қалып отыр. Қорыта айтсақ, әрбір сот актісі орындалу нәтижесімен құнды. Себебі, бір ғана сот актісінің орындалмай орта жолда қалуы сотқа, сот орындаушыларға, мемлекеттік билікке деген сенімді төмендететіні анық. Біздің басты міндет – сот жүйесіндегі реформаларды сапалы жүзеге асыру және қоғамның соттарға деген сенімін арттыру, азаматтардың құқығын қорғауды күшейту жұмыстарын жалғастыра отырып, сот шешімдерінің сапалы әрі уақтылы орындалуын қамтамасыз ету болмақ.

РАХЫМЖАН БЕЙСЕНОВ,
Ақтау қаласы
№2 сотының төрағасы



актілерін орындамағандарға қатысты жауапкершілікті күшейту қажет деп білемін.

Азаматтық процесстің кодекстің 21-бабына сәйкес, бірінші сатыдағы сот азаматтық істер бойынша сот актілерін сот бұйрықтары, шешімдері, ұйғарымдары, қаулылары нысанында қабылдайды. Сонымен қатар, заңды күшіне енген мұндай сот актілері, сот төрелігін жүргізу кезінде соттар мен судьялардың өкімдері, талаптары, тапсырмала-

үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамаудың соңы жеке тұлғаларға – бес АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді. Ал, сот актілерін орындамаған лауазымды адамдарға, жекеше нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНА – 85 ЖЫЛ

Тәуелсіздіктен кейін еліміздің сот жүйесі көптеген іргелі реформаларды бастан өткеріп, бүгінде әлемдік стандарттарға сай келетін заманауи сот жүйесі қалыптасты. Қолданысқа жаңа институттар енгізілді, жаңа заңдар қабылданып, судьялар корпусының тиімді қызмет етуі үшін тәуелсіз сот жүйесінің қағидатына негізделген база қалыптасуда. Судьялар қызметіне қатысты қарапайым қалам-қағаздан бастап, зәулім ғимаратқа, заманауи техникалық құрылғыларға дейінгі материалдық мәселелердің барлығы дерлік шешімін тауып, бүгінде сот жүйесі азаматтардың құқықтары мен бостандығының, ұйымдар мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерінің сотта тиімді қорғалуын қамтамасыз етудің қажеттіліктеріне сай келеді деп сеніммен айта аламыз.

ҚАРА ШАҢЫРАҚ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРДЫ

«Бүгінгі күн кешегі күннің жемісі, ертеңінің болмысы» дейді дана халқымыз. Еліміздің сот саласында жүргізіліп жатқан құқықтық реформаларды өз деңгейінде жүзеге асырып, сот төрелігінің дамуы мен сот әділдігінің кәсіби деңгейін көтере білген судьялар мен білікті қызметкерлері бар Қызылорда облыстық сотының құрылғанына биыл 85 жыл толып отыр.

Сексен бес жылдық тарихы бар облыстық сот ұдайы әділдікті ту етіп келеді. Оның тарихы Қызылорда дербес облыс ретінде жаңадан құрылған 1938 жылдың наурызынан бастау алады.

Сол уақыттан бастап еліміздің бүгінгідей жетістікке жетуіне негіз болған заңдарды қабылдау және оның орындалуы үшін білімдері мен біліктіліктері жұмсаған ардагер судьялардың баға жетпес еңбегін жоғары бағалаған абзал. Сот жүйесінің беделі, жеткен жетістіктері мыңдаған ары мен қолы таза, әділдікті өз өмірінің ақ туындай ұстаған судьялардың еңбегі. Олардың әрқайсысы сот жүйесінің қалыптасуы мен отандық сот



Камшат САДУАҚАСОВА,
Арал аудандық сотының төрағасы

әділдігі жолында қалтқысыз қызмет етті.

Заңдылық пен әділдіктің сексен бес жылында облыс соттары небір күрделі, тарихи маңызы бар, тағдырлы істерге сот төрелігін шығарып, түйіні шешілмейтін дауларға мәмілегер болып, еліміздің тұрақты дамуына, адамдардың мемлекетке, заңға сенім артуына ауқымды қызмет атқарды.

Бүгінде сол кісілердің өмір жолын, тәлім-тәрбиесін ұл-

гі-өнеге тұтқан кейінгі буын судьялар корпусы облыстық соттың беделін асқақтатып, кәсіби деңгейінің арқасында азаматтардың конституциялық құқықтарының қорғалуына, заң үстемдігінің берік орнығуына және сот тәуелсіздігінің нығаюына белсене атсалысып келеді. Сот тәжірибесіне жүргізілген талдаулары мен әдістемелік құралдары әрбір судьяның тәжірибе жинақтауына бағыт береді.

Тарих еншісіне кеткен жылдар ішінде Қызылорда облыстық соты қиындығы мол тарихи кезеңді бастан өткерді. Кешегі қаңтар оқиғасында зәулім облыстық сот ғимаратының бүлініп, іске алғысыз жағдайға түскенін барлығымыз білеміз. Осы аз ғана уақыт ішінде сот ұжымының ауызбіршілігінің арқасында қарашырақ қайта жаңғырып, сәулеті мен сәні келіскен әділдік үйіне айналды.

85 жылдық тарихы бар соттың жұмыстарын жандандырып келе жатқан судьялар корпусы мен мемлекеттік қызметкерлердің алдағы уақытта да ел игілігіне қызмет етіп, сот жүйесіне көптеген жаңалықтар алып келетіндеріне кәміл сенемін!

ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ

Бүгінгі таңда еліміздің сот саласында енгізіліп жатқан ақпараттық технологиялар соттардың жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, халықпен кері байланыс орнатуда жоғары көрсеткіштер көрсетіп, жұмыс сапасының артуына септігін тигізуде.

«СОТ КАБИНЕТІ» ЖҰМЫСТЫ БІРІЗДЕНДІРДІ



Айгерім ЖУНУСОВА,
Екібастұз қалалық сотының судьясы
Павлодар облысы

томаттандырады, ең бастысы, халықтың қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Қазір елдің барлық соттарына «Төрелік» ақпараттық жүйесі, «Сот кабинеті» сервисі, «Электронды шақыру қағазы», «Сот құжаттарымен танысу» сервисі, «SMS-хабарлама» сервисі, «Талдау» форумы, сот органдарымен байланыс CALL-орталығы, сенім телефоны, дыбыс-бейне жазатын құрылғылар, бейнеконференция арқылы сот төрелігін жүзеге асыру секілді жаңа ақпараттық технологиялар қызметі енгізіліп, сұранысқа сай қызмет етуде.

«Сот кабинеті» электрондық ақпараттық сервисі қызметі – сот органдарындағы жүйелі ақпарат берудің кеңейтілген тәсілі десек қателеспейміз. «Сот кабинеті» арқылы сотқа талап арыз беру, сот отырысының хаттамасына ескерту шығару, өтініш, арыз, шағым және электрондық түрдегі өтініштерді әзірлеу және беру, мемлекеттік алымдарды онлайн түрінде төлеу, деректерді сақтау мен біріктірудің қауіпсіздігі секілді әрекеттерді жүзеге асыруға болады. Электрондық цифрлық қолтаңбасы бар республиканың кез келген азаматына үйден шықпай-ақ «Сот кабинеті» электрондық ақпараттық сервисі арқылы елдің кез келген сотына талап арыз беріп, кейіннен оның қаралу динамикасын бақылап отыруға мүмкіндік береді. Ақпараттық технология-

лардың қарыштап дамуы және осыған байланысты қоғам сұранысының артуы оны сот жүйесінің қызметінде пайдалануды ұдайы жетілдіруді қажет етеді. Міне бүгінде аталмыш сервис 50-ден астам электрондық қызмет көрсету мүмкіндігіне ие.

Осы қызметтердің ішінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, бюрократтық кедергілерді жоюға, соттардың ашықтығының бірден-бір дәлелі болып танылатын сот отырыстарын дыбыс-бейне жазба құралдарымен түсіріп алу жүйесі қарқынды қызмет көрсетуде. Халық үшін тиімділік танытқан, әрі сот отырысының хаттамаларын алмастыра білген осы жүйе қолайлы сервистердің бірі. Айта кететіні, қауіпті індеттің таралуына байланысты сот жүйесі толықтай онлайн форматқа көшті. Іс құжаттары, талап арыздар мен өтініштер «Сот кабинеті» электрондық сервисі арқылы қабылданады. Ал сот отырыстары «WhatsApp», «TrueConf» және «Zoom» мобильді қосымшаларының көмегімен өткізілуде. Уақыттың талабы электрондық түрде жұмыс жасауға алып келді.

Бұл ретте еліміздің сот жүйесі де заманның ағымына ілесіп, қызмет барысына ақпараттық технологияларды енгізді. Соның көмегімен соттардың жұмысын біріздендіріп, азаматтардың уақытын үнемдеуге мүмкіндік туды.

КИЕ

Ел болған жерде мемлекеттік тіл болуы шарт. Біздің еліміз қазақ елі болғандықтан, мемлекеттік тіл де қазақ тілі. Республикамызда мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту – бүгінгі таңдағы өзекті мәселе. Тәуелсіз Қазақстанда тіл мәселесіне айтарлықтай көңіл бөлініп келеді.

Қазіргі уақытта сот жүйесінде құжаттар, іс-қағаздар мемлекеттік тілде орындалады. Сот ісін жүргізуде басымық мемлекеттік тілге беріледі.

Тіл қарым-қатынас құралы болуымен бірге оны тұтынушы халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, дүниетанымдық ерекшелігін, ұлттық болмысын, рухани-мәдени байлығын, сан ғасырларға созылған даму тарихын ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, жеткізуші, жинақтаушы қызметін атқарады.

Халық тәуелсіздігінің ең басты белгісі – ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел өз

ТІЛІ МЫҚТЫ ЕЛДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ БАЯНДЫ

Тарихи тұрғыдан келгенде, қандай болмасын мемлекет әдетте, ұлттық мемлекет ретінде пайда болады. Оның мемлекеттің құрылтайшысы әрі әлеуметтік базасы бір этникалық қауым. Тарихи және жалпы азаматтық практикада, бұл солай.

алдына мемлекет болып өмір сүре алмайды.

Дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадір-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады. Сондықтан, кез келген мемлекет өзінің салт-дәстүрін, ана тілін ерекше қорғайды.

Сонымен қатар, өзінің бағытын нақты ұстанған сот жүйесі жылдар керуенін артқа тастап, жүргізілген тегеурінді сот реформасының аясында биік асуларды бағындырды. Сот жүйесінің негізгі мақсаты азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау-

ға және республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз ету. Сондықтан да сот алдында сот төрелігін сапалы атқару, әділ шешім шығару аталған құрылымдық жүйенің қоғам талабына сай үнемі жетіліп, оның ілгерілеуіне заманауи тетіктер мен кешенді сот реформаларын жүргізу қажет.

Ақмарал НҰРЫМ,
Батыс Қазақстан облысы
Ақжайық аудандық соты
әкімшісінің басшысы

ОТБАСЫ

БЕРЕКЕ СЫЙЛАСТЫҚТА

Отбасын құру – адам өміріндегі ең маңызды саты. Отбасы қиналғанда қайғыңмен, қуанғанда қуанышыңа ортақ болатын – аяулы жандар. Отбасының тірегі – сүйіспеншілік, бірлік және сенім. Отбасы жоқ адам, қанатсыз құспен тең. Бірақ өкінішке қарай, қазіргі уақытта қоғамда ерлі-зайыптылардың ажырасуы көп болып кетті. Жәнібек аудандық сотының статистикалық деректеріне сай 2022 жылдың 5 айында 7 отбасы, 2023 жылдың 5 айында 6 отбасы дәм-тұзы жараспай заң жүзінде ажырасқан.

Ажырасудың негізгі себептерінің бірі ерлі-зайыптылардың өз міндеттеріне селқос қаруынан туындайтынын көрсетеді. Бір-біріне тиісінше көңіл аудармау, көзге шөп салу және өзара сыйластықтың жоқтығынан отбасында ұрыс-

керіс, ашумен айтылған сөздердің кесірінен жанжал шығып, өршіп жатады.

Судьялар отбасылық-некелік қарым-қатынастардан туындайтын істерді қарау кезінде дауды мәні бойынша шешумен шектеліп қана қоймай, отбасын сақтау жөнінде шаралар қабылдайды. Сонымен қатар, медиатор судья арқасында ажырасуға бел буған ерлі-зайыптылардың арасында медиация тәртібімен татуласып, отбасыларын сақтап қалатындары да аз емес. 2022 және 2023 жылдың 5 айында ажырасуға арыз берген 7 ерлі-зайыпты татуласып, отбасын сақтап қалды.

Азаматтарға айтарымыз, отбасында ұрыскеріс орын алса, ең бірінші, ашуды ақылға жеңдіріп, сабырға келіп, ажырасуға ұмтылмау керек. Ойланбай, ашуға салынып, асығыс қабылданған шешімнен алдымен балалар жапа шегеді.

Ж.МАХСӨТОВА,
Жәнібек аудандық соты әкімшісінің бас маманы сот отырысының хатшысы

ӘЛЕУМЕТ

«ҚИЫР ЖАЙЛАП, ШЕТ ҚОНҒАН...»

«Отандастар қорының» өтініші негізінде Талғар аудандық ішкі саясат, тілдерді дамыту, мәдениет және спорт бөлімінің мұрындық болуымен Көші қон полициясы мен аудандық әлеумет және еңбекпен қамту бөлімінің мамандары қатысқан дөңгелек үстел өтті. Онда аудандық бұқаралық ақпарат құралдары мен қандастар шеттен келген ағайынның азаматтық алуы мен ондағы қағазбастылыққа байланысты өзге де әлеуметтік мәселелерді көтеріп, түйінді түйткілдерді тарқату жолдарын талқылады.

Қандастардың қазақ қазынасына қосып жатқан құндылықтары орасан зор екенін тілге тиек еткен аудандық ішкі саясат, тілдерді дамыту, мәдениет және спорт бөлімінің басшысы Фарида Мамырбекқызы: «Қандастардың арасында қоғамның қай саласында болса да үлес қосып жүргендер аз емес. Аудандық мәдениет саласында да білімді, білікті мамандар көптеп саналады. Жойылуға жақын қалған қазақ құндылықтарының үлкен лебін әкеп, рухани жаңғыруымызға дем берген Отанына оралған қандастарымыз деп есептеймін. Нәтижесінде жоғары деңгейдегі мәдени шараларды ұйымдастырып, ауыз толтырып айтарлықтай жұмыстарды бірге атқарып келеміз. Шыны керек, кейбір замандастарымыз ұлттық өнерден қол үзіп қалған шақта, ұлт санасына рухани сілкініс жасаған ағайынның осы бағытта елге сіңірген еңбегінің ерен екенін айтпай кетуге болмайды. Мысалы, ортамызда отырған Кәмила мен оның ата-анасы қолөнер шебері болса, Болат Құрманғажыұлы – әлемдік жазушылар одағының мүшесі. «Өркен», «Тек», «Жылып өткен дүние», «Тасжарған» сынды кітаптар жазып, қазақ әдебиетінің қамбасына қосты. Сәуір айында ғана үш бірдей кітапты өз қаражатына шығарып, тұсауексерін өткізді. Алаш арыстарының жалғасы болған Таңжарық ақынның 120 жылдығын да осы ағайынның бастамасымен жоғары деңгейде атап өттік», – дей келе: – «Бар қазақ – қай жерде де бір қазақ. Тағдыры таразыға түскен шақта қазақтың басына түскен нәубетті еңсеріп, ел тәуелсіздігі жолында да ерекше еңбек сіңіріп келеді. Сондықтан осы отырыстың барысында ойға алған істеріңіз, бізге айтар ұсыныстарыңыз болса ортаға сала отырыңыздар», – деп айрықша атап өтті. Оның «Қазақ қайда да қазақ болып қалады. Ол ешкімнің жерін тартып алған жоқ. Өз жерін мекендеп отырған елміз. Сондықтан қазақстандық ұлт моделі бізге келмейді. Қазақ болып тудық па, қазақ болып қалуымыз керек», –

деген пікіріне қосыла отырып, елдің қазаққа қатысты, ана тілге қатысты мәселеде бір мәміледе болуы қажет екенін баса айтқымыз келеді. Өйткені, кім қайдан келсе сол жақтың



ұлт атауымен атап, шетқақпай қылатын жаман менталитеттің кесірінен қолынан іс келетін қазақтарды етектен тартып, аяқтан шалып, келген жағын нұсқап отыратын нандандар көп. Тіпті, ру-руға бөлініп болмайтын нәрсеге қырық пышақ болып қырылысып отыратындардың санасында бір шыбықты сындырудың оңайлығы мен топ шыбықты сындырудың қиындығы туралы тәмсілді ұқтырудың өзі бір қиямет. Осы орайда «допты жеке ала жүгіргенше, топтала жүгіргенде» ғана жеңіске жететін футбол тәсілі ел бірлігіне де қажет-ақ.

«Шеттен келген ағайынның ел өркениетіне қосып жатқан үлесі ұшан теңіз. Мұны Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та өз сөзінде атап айтты. Оларды елге көшіріп алу мәселесіне де мән беру керек екенін тілге тиек еткен. Алтайдың арғы бетінен көшіп келген ағайынның демографияға қосқан үлесін айтпағанда, ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға, оларды сақтап, саф қалпында дәріптеуге қосып отырған үлесінің өзі бір төбе. Сонымен қатар,

сауда, өнеркәсіп саласын да жаңа бағыттарда дамытып, кәсіпкерліктің гүлденуіне үлкен үлес қосып келеді.

Ал көші-қон мәселесіне келсек, Қытай, Моңғолия, т.б. елдердегі қазақтардан гөрі, Ауғанстан, Ираннан көшіп келгісі келетін қандастардың шешілмей келе жатқан мәселесі өте көп. Олар өздерінің қазақ екенін дәлелдей алмай жүрген жайттары бар. Өйткені, паспортына қазақ екені жазылмайды. Міне, бұл да үлкен мәселе. Қанша айтылғанымен әлі күнге дейін шешілмей келеді. Көші-қон полициясы мен Дүниежүзі

қызметтерімен де таныстырып, көші-қон мәселесіндегі қазақ елінің ертеңі үшін тиімді болатын тұстарын атап өтті. Сондай-ақ, қандастарға қатысты мәселеде өздері атқарып отырған жұмыстарға тоқталып, алдағы жоспарларымен де бөлісті, таныстырды. Жақында ғана өткен Моңғолия қазақтарының кіші құрылтайы мен «Отандастар қоры» КЕАҚ-ның президенті Абзал Сапарбекұлы өткізген кездесулер, келісімдер туралы ақпарат берді. Айтуынша, Сыртқы істер министрлігіне қарасты «Отандастар қорының» ұйтқы болуымен кіші Құрылтай 4-10 шілде аралығында Улаан-Батар, Хобда, Баян-Өлгей аймақтарында өткен.

Алматы облысының ішкі саясат басқармасына қарасты «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесінің Талғар ауданы филиалының жетекшісі Жұмағұлы Әшімбекқызы осыдан 8 жыл бұрын Тибетке барған сапарында қазақтармен қалай танысқанын айтып, Тынық мұхиттан бастап Гималайға дейінгі аралықта да дүниенің төрт бұрышына тарыдай шашылған қазақтың табаны тимеген жер кемде-кем екеніне көз жеткізді. «Ашаршылық жылдарында ауылды аман сақтап қалу үшін Алтай асып кеткен ағайынның ұрпағымын. Тибетке өткен қазақтардың тарихын зерттеп, оның ішінде Жалайыр бар ма деп көңіл іздедім. Сонда жолыққан бір монах мені Далай ламаға жолықтырды. 15-16 жасымда қазақтарды көргенмін. Оның ішінде түр-әлпеті сізге ұқсайтын адамдар да болғанын айтып. Ал мына Гималайдың басында қазақтың сүйегі шашылып жатыр. Ел ауған қазақтардан 3,5-4 мың адам ғана аман қалып, бері асқан. Үндістанда қаншасы қырылып қалғаны туралы нақты статистика жоқ. Олардың көбі Түркияға жетіп, сол жақты паналаған. Қанша қиындық көрсе де мойымаған қазақтың табандылығы мен төзіміне таң қаламын. 1952 жылы ағылшын жазушысының «Великий скот казахов» кітабы осыдан 5-6 жыл бұрын қазақ тіліне аударылып жарық көрді. Сонда тарихтың айтылмаған ақиқаттары жазылған. Үндістан мен Пәкістандағы қазақтарды да көрдім. Менің ойымша, олар мүмкін бізге қандас шығар, ал мына Моңғолия, Қытай, Ресей экспансиясы болып отырған ағайын өз елінде, өз жерінде, тарихи Отанында отырғандар. Соғыстан кейін, Сталиннің қылышынан қан тамып тұрған уақытта 1950 жылда-

ры қазақ даласын бөлгенде еріксіз бөлініп қалған өз бауырларымыз», – деген келелі пікір білдіріп, көп адам айта бермейтін, тіпті, мойындағысы келмейтін шындықты ашып айтты. Расымен, тұмса табиғатты Алтайды алғысы келетіндердің арасындағы алауыздықтың азабын тартқан аз қазақ кеңес үкіметі шекараны сылтау етіп Өр Алтайды төртке бөлгенде төрт бұрышында қалып, бірге туған бауырлардың өзі төрт елге өтіп кеткені туралы айтылмай жүрген аңызға бергісіз ақиқаттар бар.

Бұл ретте Талғар қуыршақ театрының жетекшісі Әділхан Қабайлов: «1990 жылы Жезқазғаннан осы Алматыға оралғанда мұндағының бәрі «орыс» болатын. Автобуста қазақша бауырлардың үшін қамап отырған. Ол заманға қарағанда қазір құдайға шүкірміз. Сол кезде жүрегімізде қыжыл болған. Сол қыжыл қазақтың бас көтеруіне себеп болып, 1986 жылы қаншама қиындыққа қарамастан кеңес үкіметінің жағасы жыртылды. Сеңнің сөгуіне себеп болды. Тәуелсіздік алғалы бері біраз ағайын елге оралды. Бірақ Алтайды мекендеген қазақтардың сол жерлерде отырғаны дұрыс. Бәрін толық көшіріп алу бір жағы мүмкін емес, екіншіден олар атамекенінде отырған қазақтар», – деген өзгелерге ой салатын орамды пікір білдірді.

Келелі кеңесте айтылған тағы бір маңызды мәселе «қазақстандық ұлт» деген терминнің айналасында өрбиді. Шындығында, Ф. Мамырбекова айтқандай, оның қазақ еліне қажеті жоқ. Ата-бабамыздың ақ найзасының ұшымен, ақ білегінің күшімен қорғаған дархан жерді қазақстандық болып жазылып алған кім-көрігеннің иемденуіне жол ашатын мұндай келеңсіздіктерге бүгін жол берсек, аманатқа қиянат жасайтын қазақы болмыс пен ұрпақ алдындағы парызы туралы түсінігіміз қайда қалады? Ендеше ұлтқа қатысты қандай мәселені де он ойланып, жүз толғанып, «Жеті рет өлшеп, бір рет пішпесек», көзжұмбайлыққа салып, асығыстық етуге әсте болмайтыны ақиқат.

Көптің көкейіндегі көп мәселені қозғаған дөңгелек үстелде қиыр жайлап, шет қонған ағайынның қордаланған мәселелері шетінен дөңгеленіп шешіліп кетпесе де, сала мамандарының құлағаны жетіп жатқаны да көңілге медеу. Өйткені, азаматтық пен ықтиярхат алудағы қағазбастылықтың өзінен ығыр болған арда ағайынның айтары да, шешілуге тиісті мәселесі де шаш етекпен...

Жанбота СҰЛТАНМҰРАТҚЫЗЫ

ТҮЙТКІЛ

Есірткіні пайда көзіне айналдырғандармен күрес күшейтілген режимде жүргізілсе де олардың саны азаяр емес. Есірткі қылмысына қарсы тұру, есірткі заттарын өндірумен, тасымалдаумен, сатумен, сондай-ақ, синтетикалық есірткінің жаңа түрлерін таратумен айналысатын адамдардың қылмыстық іс-әрекеттерін әшкерелеу және жолын кесу мақсатында Түркістан облысының Полиция департаменті тұрақты негізде әртүрлі жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыруда. Облыстық полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры Мұрат Қабденовтың тиянақты тапсырмаларының арқасында 24 сағатта 1 есірткі егу дерегі және бір фитозертханадағы жайт анықталып, оның көзін жойды. Ал бұл жағдай есірткі қылмыстарына тосқауыл қою бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстардың оң нәтиже беріп жатқанын көрсетеді.

Өскелең ұрпақтың тәрбиесі, оның ішінде жастардың есірткіге, түрлі құмар ойындарға, заңсыз әдеттерге әуес болуы үлкен мәселе. Бұл туралы Мемлекет басшысы Түркістан қаласында өткен құрылтайда айтып өтті. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев көрсеткен бағытта, ІІМ-нің тапсырмасына сәйкес Түркістан облысында есірткі қылмысы, оның заңсыз айналымына тосқауыл қоюда тәртіп сақшыларымен тыңғылықты шаралар атқарылуда.

Бұл туралы Түркістан облысы ПД бастығының орынбасары полиция полковнигі Қ.Сахов мәлімдеді.

Мәселен, Түркістан облысы ПД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері «Қарасора – 2023» жедел-профилактикалық іс-шара барысында, есірткіні ерекше әдіспен өсірген кентаулық тұрғынды анықтады. Ер адамның үйін тінту кезінде, жатын бөлмесінен ішінде есірткіге ұқсас заты бар 11 сіріңке қорабы табылды. Одан әрі жедел ақпарат көздері арқылы оның

ағасының үйінде есірткі өсіретіні анықталды.

Нақтырақ айтсақ, күдікті жас жігіт, туысының пәтеріне есірткі өсімдіктерін өсіруге арналған фитозертхана жасаған. Яғни, пәтердің бір бөлмесін арнайы фитожарықтан-дырғышпен жабдықтап, есірткінің өсуіне қажетті барлық жағдаймен қамтамасыз еткен. Сондай-ақ, есірткіні гүл тәрізді өсіріп, оған ерекше күтім жасаған.

– Жедел уәкілдер оқиға орнынан «заңсыз бақша» яғни, есірткіге ұқсас өсімдік өсірілген 18 гүл құмырасын тапты. Бұл ыдыстардан 46 сабақ пен 3 түп «сора» өсімдігі тәркіленіп алынды. Алынған есірткі заттарына сараптама тағайындалып, зерттеу қорытындысы «марихуана» есірткісі екенін растады. Одан бөлек пәтерден 12 кілабрілі тегіс ұңғылы мылтық тәркіленді. Тексеру кезінде бұл қару бірнеше жыл алдын болған пәтер ұрлығы кезінде ұрланған қару болып шықты. Қазіргі таңда күдікті қа-

ЕСІРТКІ САУДАСЫМЕН КҮРЕС КҮШЕЮДЕ

мауға алынып, тергеу амалдары жүргізілуде, – деді Қ.Сахов.

Сондай-ақ, ПД-ның Экстремизмге қарсы күрес басқармасының тәжірибелі ағым жақтаушысы ретінде есепке алынған түркістандық ер адамды есірткі егумен айналысқаны үшін құрықтады. Тәртіп сақшылары анықтаған жедел ақпарат нәтижесінде, күдіктінің ауласынан 2300-ге

тама тағайындалды. Сараптаманың нәтижесінде алынған гүл тәрізді түптердің жалпы салмағы 60 келіге жуық «сора» есірткісі болып шықты. Ал шыны ыдыстағы 35 грамнан асатын марихуана екені дәлелденді. Күдікті қамауға алынды.

– Аталған екі дерек те ҚР ҚК-нің 300-бабы 2-бөлігімен тіркелді, тергеу жалғасуда. Осы тұста Түркістан облысының полицейлері ескертеді, есірткі-

тушылармен күрес жүріп жатса да, ол туралы жарнамалар ғимарат, қоршау, тротуарларда ашықтан-ашық пайда болып жатыр. Сайттарда да сауда қызу. Есірткіні таратқандарға жаза күшейтілсе де әлеуметтік желі, сайт, мессенджерлерде жарнамалау тыйылмай тұр. Кейінгі кезде синтетикалық есірткі заттарының интернетте кеңінен таралуына байланысты жасөспірімдер арасында есірткі қолданушылар саны арта түсті. Бұл интернетте, сайттарда сүзгінің болмауынан. Тағы бір себепі – олардың қолжетімділігінде. Одан бөлек, ата-ананың өз баласының өміріне, қызығушылықтарына, әуестіктеріне араласуы, қызығушылық танытуы төмендеген. Мәселен, мектептерде ай сайынғы өткізілетін ата-аналар жиналысында есірткінің, электронды темекілердің зияны және олардың алдын алу шаралары айтылып, түсіндіріледі. Оған қоса полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері арнаулы лекциялар оқиды. Дегенмен, ата-аналардың біреуінің, кейде тіпті екеуінің бірдей келмеуінен алдын алу шаралары іске аспай жатады. Көбіне ата-ана баласының есірткіге елітіп жүргенінен бейхабар болып шығады. Осылайша, уақыт өткізіп, опық жеп қалады. Сондықтан да, үйде отырған балаға жауапты ең бірінші ата-ана екенін ұмытпайық.

Раушан НАРБЕК Түркістан облысы



тарта егілген есірткіге ұқсас түп алынды.

Сонымен қатар, шыны ыдысқа салынған есірткіге ұқсас зат тәркіленді.

Тәркіленген затқа шұғыл сарап-

ға қатысты қылмыстарға заңмен жауапкершілік қарастырылған. Өз өміріңіз – өз қолыңызда десек, зиян әдеттерден аулақ жүріңіз! – деп кеңес берді полиция полковнигі Қ.Сахов.

– Қазақстанда есірткіні тара-

СУДЬЯ МІНБЕРІ

АР ӨЛШЕМІ АЛДЫҢҒЫ ОРЫНДА



Сот жүйесі – адам мен азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз етуде ерекше орын алатын дербес билік тармағы.

Сот билігі Қазақстан мемлекеті атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға, Конституция, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Судьялар сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және тек Конституция мен заңға ғана бағынады. Судьялардың мәртебесі мен тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін заңдарды немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға жол берілмейді.

Соттың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне қандай да бір араласуға жол берілмейді және заң бойынша жауаптылыққа әкеп соғады. Судьялар нақты істер бойынша есеп бермейді. Сот ісін жүргізудің белгіленген тәртібіне қарамастан берілген сот істері бойынша, сондай-ақ, соттың құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша өтініштерді сот қараусыз қалдырады немесе тиісті органдарға жібереді. Сотқа немесе судьяға құрметтемеушілік білдіру заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

1992 жылы 24 маусымда егемендік алғаннан кейін «Қазақ КСР-нің сот жүйесі туралы» заңға алғашқы түзетулер енгізілген заң қабылданды. Ол, Жоғарғы Соттың, облыстық, қалалық, аудандық соттардың сот төрелігін жүзеге асыруын қамтамасыз етті. Аталған заң қабылданғаннан бері 31 жыл ішінде сот жүйесі реформалау мен жаңғыртудың бірнеше кезеңінен өтті. Бүгінде ел басшылығы жүргізіп отырған реформалардың аясында отандық сот жүйесі үздік әлемдік стандарттарға сай даму үстінде.

Заман талабына сай жаңа заңдар қабылданып, игі бастамалар қолға алынды. Жаңа заңдар азаматтар мен кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін, лауазымды тұлғалардың теріс қылықтарынан қорғауды күшейтті, сот төрелігі мен сот қызметкерлерінің сапасын арттыруға жағдай жасап, сот жүйесі мен судьялардың тәуелсіздігін нығайтты деуге болады.

Сот жүйесін одан әрі жетілдіру шеңберінде, сот сатысының үш буынды жүйесі енгізілді, алқабилер институты, мамандандырылған соттар құрылып, сот беделі арта түсті. «Медиация туралы» заң қабылданып, түрлі дауды

шешудің баламалы әдістері қолға алынды. Былтыр әкімшілік әділет институты құрылып, жариялық-құқықтық дауларды шешудің нақты тәртібін белгілеп берді.

Бұдан басқа, сот жүйесінде заманауи IT технологиялар мен сот сервистері қолданысқа енді. Осындай сандық технологиялар қашықтан сот отырыстарын өткізуге, сотқа келмей-ақ талап қою, арыз-өтініштерін беруге жол ашты.

Осылайша сот жүйесінде заманауи технологияларды пайдалану, сот ісін жүргізуді жеңілдетіп қана қоймай, төрешілік кедергілерді қысқартты, сот органы қызметкерлерінің азаматтармен байланысын азайтты. Бұл халықтың уақыты мен қаражатын үнемдейді, еліміздің халқы үшін сот жүйесінің ашықтығы мен қолжетімділігіне жетуге мүмкіндік береді.

Сот жүйесіндегі орын алып жатқан өзгерістердің барлығын бір мақаланың көлеміне сыйғызу мүмкін емес. Дей тұрғанмен, тәуелсіздік алған жылдан бастап сот жүйесінің үздіксіз жаңғыртылуының негізгі мақсаты – еліміздегі азаматтардың құқықтарының қорғалуы мен халықтың сот жүйесіне деген сенімін арттыруда екенін біле жүрген абзал.

Тарихта аты мәлім билер «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген ұстанымнан ауытқымай, қазақтың кең даласында әділдік пен адалдықты баға жетпес құндылыққа айналдырды. Біз рухани дәрежесі биік, ар-ұятты бәрінен жоғары қоя білген осындай дана билердің ұрпағымыз, олардың ізін жалғаушымыз. Әділет, ар өлшемі секілді қастерлі ұғымдар біздің қанымызға, сүйегімізге сол ықылым заманнан сіңгендіктен, санамыздан ешқашан өшпегі тиіс.

Сондықтан басқа жұртқа қарағанда біздің қоғамда судья мәртебесі, сот төрелігі, сот жүйесі қызметкерлерінің абырой беделі, моральдық бейнесі бәрінен биік болуы тиіс.

Ақ пен қараны таразылап, алдарына әділдік іздеп келген адамның мұң-мұқтажын мұқият тындап, терең талдап шешім қабылдайтын, яғни, заңдылық пен әділдік үшін күресе отырып, заң талаптарын бұлжытпай орындау, халықтың заңмен қорғалатын мүдделері мен құқықтарын қорғау, олардың сотқа деген сенімін жоғалтпау, сол сенімнен шығу әрбір судьяның абыройлы міндеті болып қала бермек.

**Айдын БАЙНАЗАРОВ,
Атырау облысы
Қызылқоға аудандық
сотының төрағасы**

ҚАТЕР

Қазіргі таңда көлік құралдары қоғамда өзіндік орны бар мүлікке айналды. Ол жол қозғалысының ажырамас бір бөлігі.

Соңғы кездері сотта жүргізушілердің жол жүрісі қағидаларының талаптары сақтамауынан жол-көлік оқиғасына қатысты әкімшілік істердің көрсеткіші өскені байқалады, онда зардап шегушілер де көп.

«Жол жүрісі туралы» заңға сәйкес жол жүрісі қауіпсіздігі – қатысушыларының жол-көлік оқиғалары мен олардың зардаптарынан, сондай-ақ, жол жүрісінің экологиялық жағдайға, халықтың денсаулығына теріс әсерінен қорғалу дәрежесін көрсетеді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 6-бабында көрсетілгендей әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың міндеттері – адамның және

ЖОЛ ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ

жол қауіпсіздігі ережесін бұзушылар мен жол-көлік оқиғасының саны азаймай отыр.

Жалпы, көлік апаттарына негізгі жауапкер көлік жүргізушісі. Яғни, барлық дерлік жол-көлік оқиғаларында негізгі орында жүргізушінің әрекеті немесе әрекетсіздігі байқалады.

«Соттардың ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің Ерекше бөлімінің нормаларын қолданудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы, ӘҚБТК-нің 610-бабында көлік құралын жүргізген адамның жол жүрісі қағидаларын қарастырады, ҚК-нің 345-бабына сәйкес қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттер көрсетіледі.



азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, халықтың денсаулығын, санитариялық-эпидемиологиялық саулығын, қоршаған ортаны, қоғамдық имандылықты, меншікті, қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті, мемлекеттік билікті және мемлекеттік басқаруды жүзеге асыруды белгіленген тәртіппен қорғау, сондай-ақ, олардың жасалуының алдын алу.

Алайда, бүгінде жол-көлік оқиғаларының алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан және жол-көлік оқиғасына қатысты әкімшілік істер бойынша тағайындалатын әкімшілік жаза, яғни, әкімшілік айыппұл көлемі қанша өскенімен елімізде

Жол-көлік оқиғасының ең көп тараған себептері көлік құралдары жүргізушілерінің қозғалыс жолағына шығу, көлік құралдарының қауіпсіз қозғалыс қашықтығын сақтамау, сондай-ақ, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қажетті бүйірлік аралықты сақтамау, мас күйінде көлікті басқару және т.б. әрекеттер жатады.

Сонымен қатар, ата-анасы біле тұра кәмелетке толмаған ұл-қыздарына көлік құралын басқаруға рұқсат беріп, олардың көлік құралын басқару құқығы жоқ бола тұра көлік құралын жүргізіп, жол-көлік оқиға-

сының қатысушы болатын жайлар да өте көп кездеседі.

Жүргізушінің көлік құралын алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық ма-саң күйде басқаруы, сол сияқты көлік құралын алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйдегі адамның басқаруына бергені және сол күйде жол-көлік оқиғасына жасағаны үшін ӘҚБТК-мен баламалы жаза түрі көзделмеген, ӘҚБТК-нің 50-бабының 2-бөлігін қоспағанда, әкімшілік жауапкершілік әкімшілік қамаққа алуға және белгілі бір мерзімдерге көлік құралын басқару құқығынан айыруға алып келеді.

Көлік құралын басқару құқығынан айыру бұл көлік жүргізушісінің қызметіне, сонымен қатар оның отбасы мүшелеріне үлкен залал келтіретіні сөзсіз.

Сонымен қатар, көлік жүргізушілерінің өз әрекеттеріне немқұрайлы қарау салдарынан жол жүрісі қағидаларында тыйым салынған жағдайларда жолдың жүру бөлігінің қарсы бағытқа жүруге арналған жағына шығып көлік құралын басқарғаны үшін көлік құралдарын басқару құқығынан айырылып жатады. Сот отырысында өзіне қатысты іс қозғалған тұлға әрекетіне шын жүректен өкініп, отбасылық және материалдық жағдайын айтып, әкімшілік айыппұл тағайындауын сұрайды. Алайда ӘҚБТК-нің 596-бабының 3-бөлігінде баламалы жаза түрі көзделмегені бірі білсе, бірі білмейді.

«Жол қателікті кешірмейді», сондықтан көлік құралын басқару барысында жүргізушілер тек өзі үшін емес, өзге де жүргізуші мен жолаушылардың өміріне, денсаулығына, өзінің отбасы мүшелерінің жағдайына да салғырт қарамай, үлкен жауапкершілік танытса екен деймін.

**Анар АЙТЖАНОВА,
Атырау қаласының
әкімшілік құқық
бұзушылықтар
жөніндегі
мамандандырылған
сотының судьясы**

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

ШЕШІМІ ОРЫНДАЛҒАН ЖҮЙЕ ПӘРМЕНДІ

Жамбыл облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты төрағасының м.а. судья Т.Султанованың жетекшілігімен «Сот актілерінің орындалуы, орындалмауы» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел өтті. Оған Жамбыл облысы прокуратурасының прокуроры, өңірлік палатасының жеке сот орындаушылары, әділет департаментінің қызметкері, облыстық білім басқармасының қызметкері, облыстық ішкі істер департаментінің инспекторлары қатысты.



Жиын барысында сот актілерінің ұзақ орындалмауы, айыппұлдарды өндіріп алу мәселесінде қылмыстық, азаматтық және әкімшілік құқық бұзушылық бойынша істердің сұрақтары талқыланды. Азаматтық істер бойынша мемлекеттік бағды мемлекет пайдасына өндіріп алу бойынша сот актілерінің орындалмауы, қылмыстық істері туралы сот шығындарының мәселелері қозғалды.

Сондай-ақ, Т.Султанова өз сөзінде сотпен жолданған атқару парақтарын сот орындаушыларының негізсіз қайтару фактілері, әсіресе, шұғыл орындауға жататын алимент өндіру және мемлекет пайдасына өндіріп алу бойынша орын алуы, сонымен қатар, сот орындаушылар тарапынан қаулылары АІЖО ААЖ-не салынбайтын жағдайлар да кездесетіні жайлы айтып өтті.

«Сот жүйесінің беделі, азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары қаншалықты сотпен қорғалғанына ғана тәуелді емес, сонымен қатар сот актілерінің уақытылы орындалуына байланысты» – деді спикер.

Өз тілшіміз

ПІКІР

Сот жүйесінде іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу туралы заңнама талабы біз еңбек ететін Алакөл аудандық №2 сотында толық орындалуда. Таза қазақ тілінде сөйлеп, жазуға қалыптасқанбыз. Сотқа талап арыз мемлекеттік тілде түссе іс қағаздары толығымен қазақ тілінде жүргізіледі. Тілді шұбарлауға жол берілмейді.

БҰЛАҚ БАСЫНАН ТҰНАДЫ

Қазақ тілін жетік меңгергенімнің пайдасын өмірде ғана емес қызмет бабында көріп жүрмін. Келіп түсетін арыздармен бірге тігілген қосымша материалдармен таныса отырып, сөйлем құрау, сөз, әріп қатесін айқын көремін. Бұл дегеніміз, жұмыс бабында пайдасын тигізетін құндылық. Көп жағдайда олқылыққа жол бермеу үшін мемлекеттік тілді жақсы меңгерген дұрыс. Рас біз тұрып, еңбек ететін Алакөл ауданында орыс ұлты баршылық. Олар да қазақ тілін толық түсініп, еркін сөйлейді. Қандай да себеппен сотқа арыз түсіргенде ресми тілде кейде аралас тілде жазып жатады. Біз оған түсіністікпен қарап, грамматикалық қателерін, түзеттіріп, мағынасын бұзбай арыздарын қабылдайтын кездеріміз болады. Мұны мемлекеттік тілге көрсетілген құрмет ретінде санап, тұрғындар алғыс-

тарын айтып жатады. Тұтастай алғанда, аудан тұрғындарының конституциялық құқықтары бұзылмай, қорғалуда. Күнделікті өмірдегі қарым-қатынаста қазақ тілінде таза сөйлеуді біз сот жүйесі мамандары дұрыс жолға қоя білдік. Ауыз екі тілдегі тазалық іс қағаздарын толтырғанда жақсы пайдасын тигізеді. Нәтижесінде тіл шұбарланбайды, грамматикалық қате де жіберілмейді.

«Бұлақ басынан тұнады» деп қазақ бекер айтпаған. Сот жүйесіндегі іс қағаздарын толтырудың өзіндік ерекшеліктері біздің жұмысқа дұрыс жолға қойылған. Реттілік, талапшылдық берік орын алған жерде сауаттылық та сақталатыны анық.

**Қарлығаш САИДУЛЛИНА,
Алакөл ауданының
№ 2 аудандық сотының
жетекші маманы**

АЙМАҚ

Жетісулық құтқарушылар тұрғындар мен қонақтарға су айдындарында жүріс-тұрыс қауіпсіздік шараларының белсенді түрде жүргізілуіне қарамастан, қайғылы жағдайдың жойылмай тұрғанына алдандаушылық білдіруде.

**ТӨТЕНШЕ
ЖАҒДАЙ
ҚЫЗМЕТІ
СУҒА
БАТҚАН 15
АДАМДЫ
ҚҰТҚАРДЫ**



Қазіргі таңда көпшіліктің бәрі суға түсуді, демалысын көл жағалаларында өткізуді жөн көреді. Бірақ көп ретте, оның да өз тәртіп, ережесі барын ескере бермейді. Көбіне жас балаларды қадағалаусыз, өздерін жеке дара шомылуға жібереді. Бірге келген күнде де көзден таса қылып, өз қызықтарымен жүреді. Мұндай келеңсіздіктің бәрі кей сәттерде өкінішке қарай бақытсыз жағдайларға әкеп соғады. Осы ретте, қазір Жетісу өңіріндегі төтенше жағдай қызметі өте белсенді, әрі тыңғылықты жұмыс үстінде. Олар көлге демалуға келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге барынша күш салып, бар техникаларымен күндіз түні көл тыныштығы мен адамдардың алаңсыз демалуы үшін қызмет атқаруда.

Жетісу өңірінде жаппай суға түсуге арналған 3 орын белгіленген. Олар – Алакөл, Балқаш көлдерінің жағалаулары және Талдықорған қаласының қалалық жағажайы. Суға шомылу маусымының басынан бастап бұл су айдындарында 4 адам өлімі тіркелді. Оның екеуі кәмелеттік жасқа толмаған бала. Облыстық төтенше жағдайлар департаменті баспасөз қызметінің маманы Назерке Арманқызының айтуынша, 2022 жылы облыс су айдындарында 2 адам өлімі тіркелген еді. Биыл су айдындарында Жетісу облысы ТЖД қызметкерлері суға батқан 15 адамды құтқарды. Оның төртеуі бала. Былтыр олар 13 адамды (алтауы бала) құтқарған болатын.

«Суға қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жұмыс Жетісу облысы ТЖД қызметкерлерінің ерекше бақылауында. Суға адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ТЖД ӨКМ және облыстың жергілікті

атқарушы органдарымен бірлесіп ұйымдастырушылық және практикалық іс-шаралар кешенін өткізеді. Бұл ретте жүзу құралдары, машиналар, жаяу тәртіп, полиция нарядтары пайдаланылады. Жазғы демалыс уақытында балалар су айдындары мен каналдардың жанында көп болатындықтан ата-аналардың жауапкершілігіне ерекше назар аударғым келеді. Әр адам суға шомылған резервуардың қауіпті жерлері мен ерекшеліктерін білуі керек, өйткені, жабдықталмаған жерлерде тастар, су басқан бөренелер, темір кесектері, әйнек және басқа заттар болуы мүмкін. Сонымен қатар, суда адамдардың қаза болуына себеп болатын факторлардың бірі адамның денсаулық жағдайы болып табылады. Ол кезде тез сіңір тартылу, есінен айырылу, бас айналу және т. б. туындауы мүмкін», – дейді Жетісу облысының Төтенше жағдайлар департаменті Азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы подполковник Данияр Тлеуханов. Оның айтуынша, демалу кезінде судың жанында қалқымалар, қоршаулар мен ескерту белгілері қойылып жүзуге қатаң тыйым салынады. Бөгеттерден, айлақтардан, қайықтардан суға секіруге болмайды. Тереңдігі белгісіз жерлерде жүзуге және сүңгуге, қалқымаларға және басқа да техникалық құрылыстарға көтерілуге, жалған апат сигналдарын беруге, қайықпен жүзуге және құтқару құралдары жоқ катамарандарға мінуге, спирттік ішімдік ішіп шомылуға тыйым салады.

**Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»**

АСЫЛ МҰРА

Мәңгі құламайтын бәйтерек

Тіл-бүкіл халықтың жүрегі. Оның бойында ұлттық болмыс, рух пен салт жатыр.

Ата-бабамыздың басынан талай қиын, нәубет, зұлмат күндер өткені тарихтан белгілі. Сондай сын сағаттарда атамекен қонысын тастап, босқан халық дүниесін тастаса да, тілінен ажырамады. Тарихта көптеген өркениетті елдердің жер бетінен өшіп, жойылып кетуі, алдымен осы ана тілін жоғалтудан басталғанын ғылым дәлелдеген. Сондықтан біз туған тілімізден ажырамас үшін оны көзіміздің қарашығындай қорғап сақтауымыз керек. Ұлттық болмыс, ұлттық рух пен салт дәстүрді тілден бөліп қарай алмаймыз.

Себебі, тіл – ұлттың жаны, қазынасы. Ата-бабаларымыз қасық қаны қалғанша ел, жер, тіл үшін күресіп, бүгінгі күнге дейін оны аманаттап

жеткізді. Ендеше, ол аманат тіл тарихтан ешқашан өшпеуі жоғалмауы тиіс. Кешегі өткен ғасырлардағы Ақтамберді, Сүгір, Бұқар жыраулар, Махамбет ақын, одан бергідегі ұлы Абай, алаш зиялылары Әлихан, Ахмет Міржақып, Мағжан, Мұхтар Әуезов сынды көптеген ақын-жазушылар тілдің мәйегін сүзіп, ұрпаққа саф күйінде жеткізді. Өз бастарынан қандай қиын жағдай өтсе де, қазақ тілін қадір тұтты, төбесіне көтерді. Тілсіз тұтас ұлттың өмір сүруі мүмкін емес.

Тілін жоғалтқан халықтың жеке мемлекет болып, басқа елдермен терезесі тең дәрежеде тұра алмайтындығы тағы белгілі.

«Ана тілі – халық боп жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі», – деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, елін, жерін сүйген әрбір азаматтың

көкірегінде ана тіліне деген сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімі болуы керек. Тіл – ұлттың жаны.

Тіл туралы заң шығып, мемлекеттік тілді қолдау үшін қаншама бағдарламалар бекіді. Ендігі қайрат жастардан. Жастар бабалар аманатын жоғалтпауы қажет.

Тәрбие басы – тіл. Ендеше, қазақтың әрбір отбасы тілдік тәрбиені өз шаңырағынан, өз ұл қызынан бастауы керек.

Тілді тұғырына көтеру, өркендету – баршаның ісі. Қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесін одан әрі нығайтып, оның мәртебесін асқақтату кеудесінде қазақ деп соққан жүрегі бар әр азаматтың қасиетті борышы.

**Алғағұл КАЮПОВА,
Атырау қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты әкімшісінің жетекші маманы**

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ

ЖЕМ ШЫҒАРАТЫН ЖАҢА ӨНДІРІС АШЫЛАДЫ

«Azzira'at Nurbak» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Қорғас-Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының қатысушысы мәртебесін алды. Ол мұнда құны 414 миллион теңге болатын жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Арнайы экономикалық аймақтағы бұл жобаның құрылыс жұмыстары 8 ай ішінде жүзеге асырылмақ.


Жаңа кәсіпорын кептірілген жоңышқаны түйіршікте және бумадан өндіретін болады. Бұршақ тұқымдас шөптерден алынған түйіршіктер (жоңышқа) – ұсақталған шөптен дайындалады. Бұл өсімдік жамылғысының ерте кезеңдерінде жиналған, кептірілген және кейіннен түйіршіктелген мал азығына арналған табиғи ақуызды-витаминді қоспа.



Шөпті түйіршіктер – жануарлармен құстардың барлық түрлеріне арналған витамин және минералды заттардың қайнар көзі. Құрамында дәрумендер, аминқышқылдары, макро және микроэлементтер барлық түрлері кездеседі. Бұл жобаны іске асыру Жетісу облысы Панфилов ауданындағы елді мекендердің тұрғындарын жұмыспен қамтуға оң әсер етеді. Жоба аясында 26 жұмыс орнын құру жоспарлануда.

**Е.ЕРЖАНҰЛЫ
«Заң газеті»**

СЕЛДЕН САҚ БОЛЫҢЫЗДАР!



Сел тасқыны – таулы жерлерде көп таралған жойқын қиратушы күшке ие болатын қауіпті апаттық құбылыс.

Сел қауіп туындауының белгілері – қарқынды және ұзақ уақыт нөсер жауынның жаууы, сел қауіпті өзеннің бастауындағы мореналық (мұздық) көлдер мен олардың актартылу қаупін туғызатын ауа температурасының кенеттен және ұзақ уақытқа көтерілуі, өзендегі су деңгейінің кенеттен төмендеуі немесе көтерілуі, су лайлылығының артуы.

Қауіпсіздік шаралары:

1. Таулы аймақтардың жағдайы туралы бұқаралық ақпарат құралдарынан хабарларды үнемі бақылаңыз;

- Егер сел қауіп бар арнаның жоғарғы жағында қарқынды нөсер жанбыр байқалса, сел қауіп бар арнадан кетіңіз;
- Қозғалыстағы сел тасқындарына 50-70 метрден жақын бармаңыз;
- Тік құздар мен тік беткейлерге жақын тоқтамаңыз, опырылым болуы мүмкін;



5. Сел арнасы бойынша қозғалыс кезінде адамдардың арасы 20-30 м қашықтық болуын қадағалаңыз.

**М. УСЕРБАЕВ,
ҚР ТЖМ «Қазселденқорғау»
ММ «Оңтүстік аумақтық пайдалану-техникалық басқармасы» филиалы Шымкент өндірістік пайдалану бөлімшесі басшысы**

ТАРАТУ

- «Niko» («Нико») ЖШС, БСН 980340002891, өз еркімен таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, «Құлагер» шағынауданы, 7 үй. Тел.: 87021003626.
- «ASIA ENERGY GROUP» ЖШС-нің, БСН 111240003610, жалғыз қатысушысы Бейсембаев Марсель Маратұлы 2023 жылдың 29 шілдесінде «ASIA ENERGY GROUP» ЖШС-н тарату туралы шешім қабылдады. Несиегерлердің барлық талап-шағымдары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: индекс 050026, ҚР, Алматы облысы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Қарасай батыр көшесі, 152/140 үй, кенсе 801. Тел.: 87475555536.
- «Әділет» балабақша-мектеп кешені» жеке меншік мекемесі, БСН 161040024358, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Қасым Аманжолов көшесі, 11, тел.: 87013746251
- «А.Д.А.М. Групп» ЖШС, БСН 180140019425, өз жұмысын тоқтатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 130000, ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 13 шағынаудан, 45 үй, 40 пәтер. Тел.: +77013199594.
- «Arman Qala Construction» ЖШС, БСН 220240015525 (Қазақстан, Астана қаласы, Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 40/1 үй, 22 пәтер), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Шарль де Голь көшесі, 1А, 5 қабат, 503 кенсе. Тел.: 87785809060.

МҰРАГЕРЛІК

4. 15.02.2023 жылы қайтыс болған Мизамбай Ерік Шамшидинұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел.: 87022334499.

6. 06.06.2010 жылы қайтыс болған Иманов Бузрук Жантөреұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел.: 87022334499.

7. 01.02.2023 жылы қайтыс болған Айтжанов Кенжебек Зарқұмұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел.: 87022334499.

ӨРТҮРЛІ

- «Кредит Сервис Ломбард» ЖШС өтелмеген мүлкікті сату бойынша аукциондар өткізеді. Өтетін орны: Астана қаласы, А.Кравцов көшесі, 6. Өткізілетін күні: 10.08.2023 – 20.08.2023 ж. Анықтама телефоны: +77753712969. Лиц. 01.21.0009Л.
- «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданындағы білім бөлімінің Буденовка ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 030640003197, таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Лесная көшесі, 7.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.
ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.
«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.
ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).
«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com
ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.
«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.
«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.
ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.
Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.
«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.
ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.
«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.
«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argdalka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.
«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.
ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.
«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78
ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.
ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.
ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.
ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА

Отставкаға шыққаным аз күн өтсе де, дамысыз тыныштығы жоқ қаладан, үнемі қайталан беретін үйреншікті күйбең тірліктен, күнде көріп жүрген адамдардан жыраққа кеткім келді. Отыз үш жыл қызмет жасаған кезімде мен не көрмедім. Адамзат айуандығының ең сорақысын да, шытырлаған көк қағаз үшін өзге түгелі, өз бауырын өлімге қия салатындар мен рахат өмір үшін адам баласын шімірікпестен өлтіре салатындар әлі күнге дейін менің көз алдымда. Сол кезде осыншама сорақылықты көре тұра қалайша жынданып кетпегенімді қайдам... Бірақ жылдар бойғы көргенім психикамды әлсіреткенін енді ғана байқағандаймын.

Бұрынғы тергеуші, отставкаға енді ғана шыққан оперативник. Мен сияқтылар көп, бірақ кез келгенінен жұмыс жөнінде сұрай қалсаңыз, өткенге қайтп оралғысы келмейді. Өлімнің қасында жүріп, қантөгісті көрген адамның жан дүниесі, күнде операция жасап қан көріп жүрген дәрігерлерден мүлдем басқаша. Науқас адамды ауру алатын болса, қылмыскерлер өз нәпсісі үшін адам өмірін құрбандыққа шалады. Осыны көре тұра адамдарды қалай жек көріп кетпегеніме, өмірден түңіліп кетпегеніме өзім таң қаламын.

Зейнетке шыққанымды естіген досым менің ойымды оқығандай біраз уақыт ауылға кеп тұруға ұсыныс тастады. Өзі бірнеше ай ауылда болмайтындықтан үйіне қарайлауға, оның үстіне, «Ауылға келсең демаласың, таза ауасымен тыныстап, жүйкеңді де емдейсің» деген соң, көп ойланбай көне кеттім. Мені танымайтын, өзін ешкімді танымайтын жаңа жер мен үшін ең қымбат демалыс орнынан артық.

Көп ұзамай заттарымды жинап жолға шықтым. Ұзақ жолға ұшақпен емес, пойызбен шыққан мен, рельстің дауысына бар ойымды тоқтатып, терезеге телміре ұзақ қарадым. Өткен күндер ұмытылмаса да, санамда қайта жаңғыртқым келмеді. Қазағымның кең байтақ даласына көзім тоймай, әйтеуір бір терең ойға түстім.

Вокзалдан мені күтіп алған досым қуанышын жасыра алмады. Менің құрметіме қой сойылып, кішігірім той жасалды.

– Ал Әбеке, – деді досым мұртын сипай. Келгеніңе қатты қуандым. Шынымды айтсам сені келеді деп ойламадым да. Бүгіннен бастап бұл үй өзіңдікі. Міне кілт. Сарайда бірнеше айға жететін азық та бар. Егер қажет болса мына інішектерің, кез келген уақытта тілегіңді орындайды, – деп екі жас жігітті көрсетті.

Отырыс таңға дейін созылды. Досымжан досымды ұйықтамастан таң алдында шығарып салды. Бүгіннен бастап менің ауылдағы жаңа өмірім басталмақ.

Тыныштық. Мөңіреген мал мен үрген иттің дауысына ілесіп, шегірткенің де ащы шырылы анық естіледі. Құлаққа сондай жағымды. Қаладағы гүрлідеген көлік дауысының бірі жоқ. Содан болар келгеніме өкінбедім.

Бозарып таң да атты. Міне, әетш те оянындар деп айғайлайды. Мен талықсып, алаңсыз терең ұйқыға кете бердім.

Үш күн үйден шықпай жалғыздығымнан ләззат алдым. Алайда қоғамсыз адамға өмір сүру қиын екен, жалғыздықтан жалыққан соң ауыл тіршілігіне араласуға, танысайын деген оймен көшеге шыққым келді. Шағын ауылда артық адам да көрінбейді. Бірдеңе сұрағандай болып ең алдымен көршіме келдім. Тоқтамыс есімді азамат жаңадан келген мейманға жылы қабақ танытып, қуана кетті. Менен біраз

кішілігі болса да, сырт келбеті үлкен көрінді. Онысына қарамай «ағалап» бірден қалбалақтай жөнелді. Менің бұл жерде ұзақ уақыт болатынымды естіген соң айналаны біртіндеп таныстыра бастады.

– Анау қызыл шатырлы – ауыл мектебі. Одан әрірек медпункт бар. Ал анау тұрған үй – Қошқарбай деген жігіттің үйі, бұйырса, кешкілік қонаққа келгеніңізді таныстырамын. Ал анау...

Ойымды онша алыс емес жерден естілген әйелдің ащы айқайы бұзды. Бұл не дегендей мен біраз құлақ түріп қалдым. Мұным жұмыстан қалған әдет қой, бірақ жа-



қайта тоғысты. Бұл қыз бала. Иә, еркек кейпіндегі қыз бала деп ойладым ішімнен.

Тоқтарбай обалы не керек, мені құрметтеп төрге отырғызып, қойдың басын ұсынды. Бейне бір құдалыққа келген адам секілдімін. Барлығы досымның абыройы ғой. Әйтпесе кеше келген менің кім екенімді де білмейді. Жиналған көрші-көлем, ауыл адамдары мені ортаға алып жөн сұрасып, қайда қызмет еткенімді де сұрап жатыр. Алайда мен шындығымды айтқым келмеді. Өз

нымдағы інішектен ыңғайсызданып қалдым.

– Бұл немене тағы? – дедім жақтырмай

– Эхх, – деді ол қолын бір сермеп. Әлгі Асқардың үйреншікті әдеті ғой. Ішіп келсе қатын бала-шағасын сабайды. Балаларына обал.

Ол әрі қарай сөзін жалғастырмады. Мен де одан әрі сұрамадым. Ер мен әйелдің жанжалы баланың жылауымен жалғасты. Зейініміз бөлініп, әрі қарай әңгіме де жалғасын таппаған соң:

– Бұрыннан осылай ма?
– Иә, бұл жігіт бізге басқа жерден көшіп келген. Ал әйелі Сәлима осы жердің қызы. Күйеуі өлген соң кішкене жеңіл жүріске салынып... Кейін мына тәйтүкті тапты ғой..

Басқаның өмірі аса қызықтырмады. Оның үстіне, мен жұмыстан кеткен адаммын. Көшпен бойлай жүріп келемін. Кешкілік Тоқтарбай өзінің қонаққа шақырды. Шіркін, ауыл адамдарының кеңдігі осында ғой. Танымаса да туыс етіп, қонаққа шақыратындығы. Алдымнан жүгіріп өткен кішкене балалар «Ассалаумағалейкум, аға» деп қол беріп амандасып жатыр. Мұнысына іштей риза боп, ауылға келгеніме тағы бір қуандым. Қарсы алдымнан жүрісі бөлек, ер балаларша киінген, әйтсе де болмысы қыз балаға келетін 14-15 жас шамаларындағы жасөспірім шыға келді. Неге екенін қайдам, оның ерекше болмысы көзіме оттай басылды. Көзіме сәл ұялыңқырап қарады. Неге екенін білмеймін жүрегім дір еткендей болды. Бұрын-соңды қызмет кезінде кей адамдарды осылайша сезетінмін. Ауылдағы бұл баладан мен нені сезуім керек, өзім де түсіне алмадым. Ол өтіп кеткен соң, артыма бұрыла қарадым. Ол да маған қараған екен. Жанарымыз

тарапыма артық назарды қайтемін, кішігірім кәсіпкермін дей салдым. Жаңа танысқан ауыл адамдары арасындағы көңілді отырыс өзгеше әлем секілді. Алайда күндіз көрген еркекшора қыз ойымнан кетер емес.

– Мен бүгін көшеден бір жасөспірім көрдім, – дедім Тоқтарбаймен оңаша қалған сәтте. Өзі ер бала секілді киінген. Алайда қыз балаға да келеді.

– Ааа Сүйрікті айтамысың, иә ол сондай. Көбісі оны ер бала деп ойлайды, алайда ол қыз. Таңертеңгі айқайды естідің ғой, сол үйдің қызы.

Жүрегім әлденеге селт етті. Неліктен олай болғанын өзім де түсіне алмадым.

– Неліктен олай?
– Өзіміз де білмейміз. Кішкентайынан көз алдымызда өскен қыз. Өте ерекше, әдемі болатын. Кейін есейсе келе шашын қиып, ер балаша киіне бастады. Бұл қылығын басында түсінбеген едік. Ол оқшауланып, өз әлемінде жүрді. Қазіргі жасөспірімдер сияқты емес.

Үйге келген соң да мен Сүйрік туралы көп ойладым. Оның маған қараған көздері «Менің жан дүниемді ұқшы» деп айтқысы келгендей. Қалалық жерлерде өзін еркек секілді ұстайтын, еркектерше киінетін қыздар өте көп. Алайда бұл қыз ерекше. Жарайды, босқа басымды қатырмайын деген оймен ұйқыға кеттім.

Сүйрік әлдекімнен қашып келеді. Маған жете алмай келеді. Маған қолын созады. Мен де оған қолымды созамын. Бірақ жетпейді. «агаа-ааааа» деп айғайлайды. Мен шошып ояным. Даладан қыздың дауысы естіледі.

«Аға, ұрмаңызшы, өтінемін» де-

ген қыз баланың жалынышты үні денемді шымырлатып жіберді. Көзімді ұқалай далаға шықтым. Әлгі кешегі көрген маскүнем Сүйрікті қолындағы таяқпен ұрғылап жатыр. Мен дереу әлгі еркектің қолындағы таяқты жұлып алып, қызға араша болдым.

– Мынауың не сұмдық, қыз баланы қойша сабағаның не..

– Шаруаң болмасын, сен кімнің тағы? Аузынан арақтың иісі мұңқиді. Көздері қанталап кеткен ол менен ондай әрекет күтпеді білемін. Қисаландай кейін шегінді.

– Өкенеңнің аузын, шырт түкіріп, бір-екі рет қызға қарай тағы ентелегісі келді. Алайда, маған күші келмейтінін білгендіктен, дәрменсіздігін көрсеткісі келмеді ме, боқтық сөздерді айтып үйіне қарай кетті.

Қорғансыз балапандай қыз бүрісіп тұр екен. Бұл жолы оның қыз бала екеніне анық көзім жетті. Нәп-нәзік қолдарымен жасын сүртіп әлек. Менен ұялғандағысы ғой.

– Тұра ғой, қорықпа. Мен оған қолымды ұсындым. Ол жан-жағына қарамастан жүгіріп кетті.

Түн ауа бұл жағдай тағы да қайталады. Тек өз ауласынан естілген айқай-шу мен баланың жылаған дауысы түн тыныштығын еріксіз бұзды. Сыртқа шығып қарайым. Біреудің отбасында боп жатқан кикілжіңге араласқым келмеді. Тек ерекше киінген қыз баланы аядым. Бойжетіп өсіп қалған қызға күнде мұндай сұмдықты көру оңай емес. Басқа балалар секілді алаңсыз балалықтың бал дәмін көрмеген де шығар. Айқай-шу, көршінің «милиция шақырамын қой-масандар» деген ұрысынан кейін барып тынды.

Түні бойы ұйықтамаған мен қатты дүрсілдеген дыбыстан ояным. Есікті жұлып кетердей қаққылап жатыр. Таң атпастан бұл кім болды екен деген оймен еріне ашқаным сол

есік алдында форма киген жігіттер тұр.

– Майор Абиев. Қасымдағы кіші лейтенант Қамбаров. Егер қарсы болмасаңыз сізге қояр бірнеше сұрағымыз бар еді.

– Не жөнінде? Мен әлі де болса өзімнің кім екенімді айтқым келмеді.
– Көршіңіз Қуатбаев Асқар Меңдіғұлұлы жөнінде. Сағат таңғы 6 шамасында үйінің жанында оның өлі денесі табылды. Кеше сіздің онымен кикілжіңге келгеніңізді куәгерлер көрген.

Осыдан кейін жастарға куәлігімді көрсетуге тура келді. Олар менен дереу кешірім сұрап, болған жағдайды анықтауға көмектесуімді өтінді.

Оқиға дәл сол Қуатбаевтың өз үйінің алдында болған. Қарасаң ешқандай қылмысқа да ұқсамайды. Үйінің алдында тұрған баспалдақтан құлап өлген. Басы жарылғанға ұқсайды. Бірінші боп әйелі көрген. Ауыл милициясы келген соң болған дау-дамайды және күндіз онымен сөзге келгенімді, Сүйрікті арашалағанымды көргендігін айтқан. Оқиға орнын өзім бір тексердім. Бұл жерде экспертиза нәтижесін күту ұзақ секілді.

– Мәйіт қайда? – дедім мен бірден іске араласып

– Көлікте, – деді жас майор кібірткітеп.

Мен ақырын өліктің бетін ашып, оны зерттей қарадым. Зейнетке шықсам да әдетім қалмаған. Әлгінің басы жарылған. Егер ол баспалдақтан құлап өлген болса жұлынына зақым келген болар еді, ал бұл жерде маңдай тұсын қатты затпен ұрғанға ұқсайды.

– Бұл кездейсоқтық емес, қылмысқа келеді. Іс қозғай беріңдер, – дедім мен.

Әлгі екеуі аң-таң болған күйі

түсінбей маған қарады. Қарсыласуға да шамалары жоқ.

Кенет терезеден қарап тұрған Сүйрікке көзім түсті. Ол менің көргенімді байқап, дереу терезенің жапқышын жаба салды. Кішкене ауылда қылмыс болды деп шулатып нем бар еді деп ішімнен өкіндім. Арақ ішіп, күнде отбасының берекесін кетірген адамға өлім тілемесең де, жасөспірім қызының болашағын ойлаған едім. Есік алдында аңыраған әйелі, жиналған көршілер көңіл айтуда. Бұл маскүнемнің өлімі кімге керек болды екен деген ой маза бермеді. Жігіттер дереу мәйітті алып қалаға аттанды. Ал мен араласқым келмесе де өз тергеуімді жасырын жүргізе бастадым.

Марқұм Қуатбаевты ауылда ешкім ұнатпаса керек, кімнен сұрасаң да ол туралы жақсы пікір білдірмеді. Оның үстіне, өзі ішімдікке жақын, көп адамға жұғымы жоқ. Тек өзі секілді маскүнемдермен бірге уақыт өткізеді. Бір шаруа қожалығының қойын бағып, шөбін шауып, қалған бос уақытын доссымақтарымен өткізетін жігітті кім өлтіруі мүмкін? Иә, мен солай шештім. Отыз үш жыл жұмыс тәжірибемде қылмыс пен табиғи өлімді ажырататындай тәжірибем бар еді. Мейлі, ол баспалдақтан құлады делік, бел омыртқасы сынған делік, бірақ одан адам бірден өліп кетуі мүмкін емес. Басынан қатты затпен ұрған. Сыртынан қараған адамға жарақат көрінгенімен, менің тұжырымдымды экспертиза дәлелдейтініне нық сенімдімін.

Тергеуім жасырын бола алмады. Әлгі таңертең өзімді іздеп келген полиция қызметкері егер істе расымен шікілік болса көмектесуімді өтінді. Мен жұмыстан қашқаныммен, жұмыс мені өзі тапты. «Жарайды» дедім. Тек мен күдіктенген адамдармен кездескен кезде жанымда болсаңдар

болды деп шарт қойдым.

Экспертиза нәтижесі менің сөзімді нақтылады. Басынан қатты затпен ұру салдарынан жарақат алған. Біз оның үйіне қайта бардық. Сол күні ол үйіне мүлдем келмеген. Ал әйелі болса «Енді бала-шағамды қалай бағамын» – деп еңіреуде. Аяққа оратылған үш-төрт жастағы кішкене ер балалар. Анасының жылағанына жалтақтай қарайды. Тек Сүйрік қана көрінбейді..

– Оның дұшпандары болуы мүмкін бе?

Әйел өкісігін басып сәл ойлана:
– Осыдан бір-екі күн бұрын жұмыстасы Рома есімді жігітпен қатты сөзге келген еді. Тіптен, ашуын баса алмай, үйге келген кезінде өшін балалардан алған.

Балалар деп отырғаны Сүйрік болар деп ойладым ішімнен. Қасымдағы жігітті ертіп, Рома деген жігітті іздеп таптық. Менің іске аса зауқым болмаса да, қасымдағы жас жігітке бұл істі зерттеу ұнап жүргендей. Бұрын-соңды бұндай іспен айналыспаған екен. Бізді көре салысымен, әлгі Рома қаша жөнелді. Ұзақ қаша алмады, себебі бір аяғын сылтып басады екен. Ал ақсақ аяқпен жүгіру оңай емес.

– Иә, Рома, сайра, – дедім мен ақырын темекіні езуіме қыстырып. Бұл жерде іс болғанымен, менің ісім емес. Ешқайда асықпаймын, ешкімге есеп бермеймін. Уақыт менің еншімде.

– Біз жәй, жәй ғана келіспей қалғанбыз. Мен оны ұррайын деп ұдұрмадым. Өзі бастаған соооң, – деді жігіт тұтыға.

(Жалғасы бар)

Бақыт ЖАЛИЕВА
Ақтөбе қаласы